



БАС ҚҰЖАТ – ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУДАҒЫ БАСТЫ БАҒДАРШАМ

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР,
ӘРІПТЕСТЕР!

Қазақстан Республикасы Судья-лар одағының атынан баршаңызды 30 тамыз – Конституция күнімен құттықтаймын!

Конституция – халқымыздың ға-сырлар бойғы арманы мен тәуелсіздік жолындағы күресінің жемісі, ел тәуел-сіздігінің қорғаушысы, мемлекетіміздің құқықтық негізін қалап, халқымыздың бірлігі мен тұрақтылығын айқындап отырған ең басты құжат. Ол – жаңа Қазақстанның саяси жүйесінің тірегі, азаматтардың құқықтары мен бостан-дықтарының кепілі және еліміздің даму бағдарын айқындаған тарихи құндылық.

Биыл барша қазақстандықтар үшін аса маңызды, тарихи мәні зор мереке – Қазақстан Республикасы Конституция-сының қабылданғанына 30 жыл толып отыр. Бұл – тәуелсіздіктің мерейлі бе-лесі, халқымыздың демократиялық құн-дылықтарға деген адалдығының айқын дәлелі.

1991 жылы Қазақстан өз тәуелсізді-гін жариялаған сәттен бастап егемен елдің даму жолын айқындайтын жаңа Ата Заң қабылдау қажеттілігі туындады. Алғашқы Конституция 1993 жылы қа-былданып, жас мемлекеттің құқықтық жүйесін қалыптастыруға негіз болды. Дегенмен, қоғамдағы өзгерістер мен жаңа талаптар оны жетілдіруді қажет етті. Осылайша, 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум арқылы бү-гінгі қолданыстағы Конституция қабыл-данды. Бұл тарихи оқиға халқымыздың бірлігін, ел болашағына деген сенімін айшықтап, мемлекетіміздің даму бағы-тын айқындаған тағдырлы шешім болды.

Содан бері Конституция еліміздің даму жолында берік тұғыр болып, демократия-лық мемлекет құрудағы басты бағдар-шамға айналды. Конституциядағы негізгі қағидаттар – адам құқығы мен бостан-дығының қастерленуі, халықтың билік көзі ретіндегі мәртебесі, Қазақстанның біртұтас мемлекет ретінде қалыптасуы, ел аумағының тұтастығы, бөлінбейтіндігі мен қол сұғылмаушылығы, заң үстемдігі мен әділеттілік қағидалары уақыт сы-нынан өтіп, Қазақстанның өркендеуіне қызмет етуде.

(Жалғасы 2-бетте)



ҚР КОНСТИТУЦИЯСЫНА – 30 ЖЫЛ

Конституциялық құқықты сот арқылы қорғау механизмі күшті әрі нәтижелі



Қазақ елі – еркіндік пен егемендік жолында талай ғасыр бойы тағдырлы күрес кешкен, ұлы дала төсін-де ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен өз мемлекеттігін қалыптастырған халық. Хандар мен би-лердің дана шешімімен тағдыр таразысы теңселмей, бабаларымыз ұлттық құндылықтарға негізделген дербес мемлекет құруды өмірлік мұрат еткен.

Осы ғасырлар бойғы асқақ арман, қайрат пен ерліктің жемісі ретінде 1991 жылы қазақ халқы Тәуелсіздік туын биікке көтерді. Ал 1995 жылдың 30 тамызында қабылданған Консти-туция – сол азаттықты заң жүзінде бекіткен, халқымыздың рухани мұрасы мен тарихи тағ-

дырын айшықтаған ең қасиетті құжат болды. Бұл – жас мемлекеттің құқықтық мемлекет ретінде дамуға бет алғанының айқын көрінісін білдірді.

Конституцияда алғаш рет сот билігі дербес тармақ ретінде бекітіліп, сот төрелігі тек сот

арқылы жүзеге асатыны нақты жазылды. Кон-ституцияда сот билігінің дербестігі айқын көр-сетіліп, әділдік пен заң үстемдігіне негізделген жаңа құқықтық жүйенің негізі қаланды.

(Жалғасы 2-бетте)



ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ



Бауыржан ЖҰМАҚАНОВ,
Атырау облысының прокуроры:

«Елге қызмет – ерге міндет»

– Бауыржан Альбертұлы, әң-гіменің әлқиссасын прокуратураның Ата Заңдағы орны мен маңызынан бастасақ...

– Иә, Конституцияда белгіленген қағи-даттардың сақталуын қадағалау – проку-ратура органдарының басты міндеті. Бұл бағыттағы біздің рөліміз Конституция-ның 83-бабында нақты жазылған. Яғни, прокуратура мемлекет атынан ел ау-мағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалау жүргізеді, сотта мемлекет-тің мүддесін білдіреді және қылмыстық қудалауды жүзеге асырады. Бұл – жай ғана құзырет емес, үлкен жауапкершілік. Құқық саласында «Заңсыздық – қоғам-ның қас жауы, ал заң – оның алтын қазығы» деген қағида бар. Иә, өткенге үңіліп, бүгінгі күнді аңсаған кезде, әр тұрғынның жүрегінде әділеттілікке деген сенімнің артып, қоғамда тұрақтылық пен татулықтың орнағанын қалаймыз. Ата

Заң – азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің өзегін бекемдеген басты тірек. Сондықтан да Конституция күні – әр қазақстандық үшін жүрек төріндегі ерекше мереке. Бұған қоса Мемлекет басшысының бастамасымен 2022 жылғы 5 қарашада қабылданған «Прокуратура туралы» жаңа заң – құқықтық жүйе-дегі біздің орнымызды айқындап, қызметімізге жаңа серпін берді. Бұл заң прокуратураның мәртебесін арттырып қоймай, оның қоғам алдындағы міндетін тереңірек сезінуге жол ашты.

«Елге қызмет – ерге міндет» дейді дана халқымыз. Осы ұстаным прокура-тура қызметкерлерінің күнделікті жұмы-сында айқын көрініс табуда. Оның бір дәлелі – биыл Ұлттық статистика бюросы жүргізген халықтық сауалнама нәтижесі. Онда Атырау облысы прокуратурасына деген сенім деңгейі 78,4 пайызды құрап, республика бойынша екінші орынға табан

тіреген. Бұл тек көрсеткіш емес, ел сенімі мен прокуратураға артылған үміттің ай-ғағы.

– Мемлекет басшысы құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқа мәжілісінде «Заң және тәртіп» атты іргелі қағидатты жариялады. Осы бағытта құқық қорғау органдарының алдында қандай маңызды міндеттер мен басымдықтар белгіленді?

– Президент осы жиында ел болашағы-на тікелей әсер ететін салмақты міндет-терді нақтылап берді. Мемлекет басшысы: «Әділетті әрі қауіпсіз Қазақстанды құру үшін заң мен тәртіп үстемдігін түбегей-лі орнықтыру қажет» деп атап көрсетті. Бес түрлі қоғамдық кеселге – тұрмыстық зорлық-зомбылық, вандализм, есірткі са-удасы, ысырапшылдық пен лудоманияға қарсы пәрменді күрес жүргізу қажеттігін қадап айтты.

(Жалғасы 3-бетте)

2-бет



**Бірліктің
берік тұғыры**

4-бет



**«Алқа би» сөзі қалай пайда
болды?**

5-бет



**«Жаңа Конституция
қабылдауға қажеттілік
жоқ!»**

МИНБЕР

Бірліктің берік тұғыры

Құрметті қазақстандықтар! Сіздерді Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!



1995 жылы қабылданған Конституция – мемлекетіміздің құқықтық негізі, тәуелсіздігіміздің тірегі, бейбітшілік пен тұрақтылықтың кепілі. Ата Заң – еліміздің демократиялық дамуының жолын айқындап, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың берік тұғырына айналды.

Сот жүйесі үшін Конституция – әділдіктің, заң үстемдігінің және тәуелсіз сот билігінің басты қағидаттарын бекіткен тарихи құжат. Бұл қағидаттар сот қызметінің негізін құрайды және азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған.

Осы мерейтой аясында еліміздің әр азаматы Конституцияны қадірлеп, оның рухын күнделікті өмірде берік ұстануға тиісті деп санаймын. Бұл – тұрақты даму мен өркендеудің басты кепілі. Баршаңызға бейбіт өмір, амандық, бірлік пен береке тілеймін! Еліміз өркендеп, Конституциямыз мәңгі жасай берсін!

Ерден ӘРІПОВ,
Қарағанды облыстық сотының төрағасы

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Қазақстан халқы 30 жыл бұрын тарихи таңдау жасап, бағыт-бағдарын айқындап, жаңа Конституциясын қабылдады. Бұл Конституцияның айрықша ерекшеліктері бар.

ЛЕБІЗ

Бас құжат – демократиялық мемлекет құрудағы басты бағдаршам

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осы орайда сот жүйесі де – Конституцияда бекітілген биліктің дербес тармағы болып табылды. Судьялардың тәуелсіздігі, олардың тек заңға бағынуы – құқықтық мемлекеттің басты кепілі. Соңғы отыз жылда елімізде сот төрелігін жүзеге асыруда айтарлықтай өзгерістер мен жаңғыртулар орын алды. Судьялардың кәсіби деңгейін арттыру, сот жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету, халыққа қолжетімділікті күшейту бағытында бірқатар реформалар жасалды.

Сондай-ақ, бүгінгі таңда Конституциямыз мемлекетіміздің тұрақтылығы мен өркендеуінің берік іргетасы болып отыр. Әлемдегі күрделі геосаяси ахуалға қарамастан, еліміздің бейбіт өмірі мен азаматтарымыздың берекелі тіршілігі Ата Заңда бекітілген құндылықтар негізінде қамтамасыз етіліп келеді. Жаһандану дәуірінде Конституция қоғамдағы жаңғыру процестерінің бастауы болып, саяси жүйені демократияландыру, азаматтық қоғамды дамыту, жастардың құқықтық мәдениетін арттыру ісінде үлкен маңызға ие. Әсіресе соңғы жылдары жүргізілген конституциялық реформалар халықтың ел басқару ісіне қатысуын кеңейтіп, мемлекеттік билік тармақтарының арасындағы теңгерімді нығайтты.

Қазақстан Конституциясының басты ерекшелігі – оның бүкіл халықтың таңдауы арқылы қабылданғанында. Ол – тек заңдық құжат қана емес, халықтың еркін білдіретін, мемлекеттің болашағын айқындайтын рухани-идеялық негіз. Конституция – көпұлтты Қазақстан халқының ынтымағы мен бірлігін нығайтқан асыл мұра. Сонымен қатар ол – әрбір қазақстандықтың лайықты өмір сүруіне бағытталған ұлы құндылықтар жиынтығы.

Осы айтулы мереке – Конституцияның 30 жылдығы барша халық үшін үлкен қуаныш әрі зор мақтаныш. Бұл – тәуелсіздіктің, әділеттіліктің, бейбітшіліктің мерекесі. Қазақстан Республикасы Судьялар одағы осы тарихи сәтті зор құрметпен атап өтіп, Ата Заңымызды қастерлеуге, оның қағидаттарын қорғауға әрқашан дайын.

Құрметті оқырмандар мен әріптестер! Сіздерді тағы да Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтай отырып, әрбір шаңыраққа бақыт пен береке, денсаулық пен ұзақ ғұмыр, еңбектеріңізге табыс пен толағай жетістіктер тілеймін! Заң үстемдігін құруды қамтамасыз етудегі күрделі әрі жауапты жұмыстарыңыз әрдайым өз жемісін бере берсін! Ата Заңымыз мызғымас болса, тәуелсіздігіміз тұғырлы, мемлекетіміздің болашағы жарқын болары сөзсіз.

Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының төрағасы,
ҚР Жоғарғы Сотының отставкадағы судьясы



ҚР КОНСТИТУЦИЯСЫНА – 30 ЖЫЛ

Конституциялық құқықты сот арқылы қорғау механизмі күшті әрі нәтижелі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осы ұлы құжаттың жалғасы ретінде 1997 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заң – сот билігінің құрылымын нақтылап, судьялардың тәуелсіздігіне берік құқықтық кепілдік берді. Дәл осы кезеңде сот жүйесінің негізі нығайтылып, Ата Заңда бекітілген құқықтық ұстанымдар практикалық тұрғыда іске аса бастады.

2000-2010 жылдар аралығы – сот жүйесінің кәсібилену мен жаңғыру кезеңі болды. Бұл жылдары сот корпусын жетілдіру – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының біріне айналды. Судьяларды іріктеу мен тағайындау рәсімдері жаңарып, олардың кәсіби және адамгершілік келбетіне қойылатын талаптар күшейтілді. Жоғары Сот Кеңесінің рөлі артып, судьялыққа лайықты үміткерлерді сұрыптауда ашықтық пен әділдікке жол ашылды.

2007 жылы сот жүйесінде айрықша жаңалық – алқа билер институты енгізілді. Бұл – сот төрелігін жүзеге асыруда халықтың тікелей қатысуын қамтамасыз еткен тарихи қадам болды. Алқа билер соты – тек әділдіктің ғана емес, сонымен қатар қоғамдық сенім мен жауапкершіліктің жарқын көрінісіне айналды. Халық арасынан тандалған азаматтар сот үкімін шығаруға қатысу арқылы мемлекет пен қоғам арасындағы сенім көпірін нығайтты. Сонымен қатар, сот саласына ақпараттық технологиялар енгізіле бастады. Электрондық құжат айналымы, істерді автоматты бөлу жүйесі сияқты жаңашылдықтар қолданысқа енді.

2015 жылы Мемлекет басшысының бастамасымен қабылданған «100 нақты қадам» Ұлт жоспары аясында сот жүйесі терең жаңғыртылды. Сот процестері ашық форматқа көшіріліп, бейнебайланыс арқылы тыңдалым жүргізу, сот актілерін онлайн жариялау сынды тәжірибелер көпшілік арасында кең қолдау тапты.

2021 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасымен қабылданған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс еліміздің құқықтық жүйесін жаңа белеске көтерді. Бұл кодекс азаматтарға мемлекеттік органдардың әрекеттері мен шешімдеріне сот арқылы тиімді және нақты шағымдануға мүмкіндік беретін маңызды құқықтық тетік болды. Оның қабылдануы әділ сот төрелігіне қол жеткізу жолындағы ұтымды әрі уақытылы қадам ретінде бағаланады.

Облысымыздың соттарында қаралған істер тәжірибесі азаматтардың конституциялық құқықтарын сот арқылы қорғау механизмінің күшті әрі нәтижелі екенін айқын көрсетеді. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс енгізілгеннен бері, әкімшілік істер бойынша азаматтардың пайдалануға үшм қабылданған талаптардың үлесі 65%-ке жетті. Соңғы үш жылдың ішінде еңбек құқығына қатысты азаматтық істер бойынша берілген талаптардың 60%-дан астамы сот тарапынан толық қанағаттандырылды. Бұл – жай ғана статистика емес, ол сот билігінің Конституция талаптарының орындалуын қамтамасыз ететін нақты және сенімді кепілі екенін куәландыратын мықты дәлел.

Ата Заңның 30 жылдығын атап өткенде, еліміздің демократиялық құндылықтарын, азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің негізін бекіткен Конституциялық Соттың маңызын ерекше атап өту қажет. 2023 жылы қайта құрылып, өз қызметін бастан өткерген Конституциялық Сот – мемлекетіміздің құқықтық іргетасын нығайтатын, заң үстемдігін қамтамасыз ететін жоғары орган. Бұл – Конституциялық бақылауды жаңа деңгейге көтерген тарихи шешім болды.

Ата Заңның 30 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келген елеулі жаңалықтың бірі – 2025 жылғы 1 шілдеде өз жұмысын бастаған кассациялық соттар болды. Бұл – еліміздің сот жүйесінде әділеттілікті тереңдетуге бағытталған жаңа дәуірдің бастауы десек, артық айтпаспыз. Кассациялық соттар бұрынғы сот актілерінің заңдылығы мен негізділігін жіті сүзгіден өткізу арқылы азаматтардың құқықтарын қорғау деңгейін жаңа сапаға көтереді. Кассациялық соттардың ашылуы сот төрелігіне деген сенімді арттырып, әділетті шешімге жол ашатын пәрменді тетік ретінде жүйеге орнықты.

30 жыл ішінде еліміздің сот жүйесі үлкен жолдан өтті: құрылымдық реформалардан бастап, цифрландыру мен қоғамдық сенімге дейінгі ұзақ әрі маңызды үдерістер жүзеге асты. Соттар – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын әділдіктің кепілі, ал сот әкімшілігі – осы күрделі жүйенің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін сенімді тірек. Оның кәсіби ұйымдастырылуы мен ұқыпты еңбегі сот процестерінің әділ әрі уақытылы өтуіне негіз болып, қоғамның сотқа деген сенімін бекіте түседі. Мұның бәрі, өз кезегінде, Ата Заңымыздың рухы мен құндылықтарының терең бойға сіңуінің айқын көрінісі болып табылады.

Өйткені Ата Заң – жай ғана баптар мен тармақтар жиынтығы емес, ол – ұлттың ғасырлар бойғы арманы мен тағдырын айшықтап, жүректен шыққан үнін жеткізген қасиетті құжат. Әрбір жолында елдің үні, халықтың тілі, ата-баба аманаты жатыр.

Қасиетті Конституцияға ие болған ұлт ретінде, біз аманатқа адал болып, заңды ардақтау мен әділеттілікке қызмет етуді парыз санаймыз. Өйткені заңға құрмет – өркениетті қоғамның өріс, әділетке адалдық – кемел келешекке бастар дара жол. Бұл жолдан таймай, біз ата-баба аманатын абыроймен жалғастыруға тиіспіз.

М.КӨМІРШІНОВ,
Шығыс Қазақстан облыстық сотының төрағасы



Заңға арқа сүйеген ел зардап шекпейді

Біріншіден, Конституцияда Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратындығы басып айтылған, негізгі заңға сәйкес мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Екіншіден, мемлекет қызметінің принциптері көрсетілген, оларға қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу жатады.

Үшіншіден, бұл Қазақстан дербес мемлекет болып құрылған соң қабылданған, бүкіл халықтың мүддесіне сай келетін алғашқы Конституция.

Төртіншіден, мемлекеттік басқа-

ру жүйесі толық бір жүйе ретінде қарастырылған. Яғни заң шығарушы, атқарушы және сот биліктерін өз алдына бөлек орган ретінде емес, тұтас құрылымдық жүйе қылып қалыптастырып, олардың міндеттері және жауапкершіліктері мейлінше айқын көрсетілген.

Бесіншіден, Конституцияда биліктің Президенттік басқару жүйесіне басымдық берілген. Президент мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Тарихи өлшем бойынша өте аз уақыт болып табылатын 30 жыл ішінде еліміздің егемендігі түбегейлі нығайды, кейбір елдер ғасырлап өткен даму жолын біз аз уақыт ішінде жүріп өттік.

Өткен 30 жыл ішінде Конституция біздің барша жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналды. Ата Заңымыз қабылданған сәттен бастап, тәуел-

сіздік туын желбіретіп, дербес, егеменді елдердің қатарына қосылып, алға қарай дамуымыздың жаңа сатысына көштік. Құндылықтарымыздың негізін айнытпай орындаудың нәтижесінде аз ғана уақыттың ішінде тұғыры берік, туы биік мемлекетімізді орнатып, тәуелсіздікті паш еттік.

Ата Заңымыз ғасырлар төскейінде тағдыры тоғысқан көпұлтты еліміздің баға жетпес қымбат қазынасына айналып отыр. Конституция қабылданғаннан бергі кезең ішінде Қазақстан қанатын құлшына кеңге сермеп, өзінің қуаты мол, нарықтық экономикасы бар демократиялық мемлекет ретінде әлемге танылды. Тәуелсіз еліміздің Конституциясы мемлекетіміздің одан әрі өркендей беруіне қызмет ете бермек.

Г.НУРТАЗИНОВА,
Шығыс Қазақстан облысы,
Зайсан аудандық сотының төрағасы

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

(Соңы.
Басы 1-бетте)

Бауыржан Момышұлы айтқандай, «Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды». Сондықтан әділет пен заңның үстемдігі – тек құқық қорғау органдарының емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Елдік мүдде жолында жұмылған жұдырықтай бірігуді талап ететін кезеңде тұрғанымыз анық.

– Өңірдегі қылмыстық ахуал қандай? Прокуратура тарапынан қолға алынған нақты шараларды да айта кетсеңіз.

– Статистикалық деректерге сүйенсек, қылмыстық көрсеткіш 5 пайызға төмендеген. Мәселен, 2022 жылы 4875 қылмыс тіркелсе, 2023 жылы бұл көрсеткіш 4283-ке, ал 2024 жылы 4647-ге дейін азайған. Бұл жай цифр емес, күн сайынғы тынымсыз еңбектің нәтижесі. Сондай-ақ былтырдан бастап облыстық прокуратураның бастамасымен Өңірлік қылмысқа қарсы күрес және алдын алу жөніндегі пилоттық жоба іске қосылды.

«Құқық бұзушы жазадан құтылмасын» деген қағида толық орындалуда. Ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған тұлғаларға қатысты күзетпен ұстау шарасы дер кезінде қолданылып, осындай істер 20 пайызға өсіп (444-тен 535-ке), құқық қорғау органының нақты әрі шұғыл әрекет ететінін көрсетті.

Прокуратура жұмысының басты бағдары – тұрғындардың конституциялық құқығын қорғау. Осы бағытта процессуалдық келісімдерге жаппай жүгінуге тәжірибесі тоқтатылды. Заңға қайшы әрекетке барған 2 полиция қызметкері қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Жалпы, 19 лауазымды тұлғаға тәртіптік жаза, оның ішінде 2 қызметкер жұмыстан шығарылып, екеуі қызметінен босатылды. Сонымен қатар, Құрманғазы ауданы әкімінің орынбасарына сөгіс, 2 ауылдық округ әкімдеріне қатаң сөгіс жарияланды. Жүргізілген жұмыстар нақты нәтижесін беруде. Быыл алғашқы жартыжылдықта қылмыстық оқиғалар саны 22%-ға төмендеп, 2494-тен 1939-ға азайды. Бұл оң өзгерістер барлық қылмыс санаттарына тән.

Бүгінде интернет-алаяқтық пен есірткі саудасы күрделі әрі қауіпті бағыттың бірі болып тұр. Себебі, қылмыскерлер заманауи цифрлық құралдарды – криптовалюта, әлеуметтік желілерді, жасырын платформаларды пайдаланып, күрделі қылмыстық схемалар жасайды. Біз де сол құралды өздеріне қарсы пайдаланып, киберқылмысқа қарсы күресте жаңа әдіске көштік. Прокуратураның үйлестіруімен интернет-алаяқтарға тиесілі 68 млрд теңге көлеміндегі криптовалюта бұғатталды. Сонымен қатар, 2000-нан астам SIM-картаны заңсыз сатып, алаяқтарға көмектескен «Kcell» қызметкері мен ақша аудару үшін жеке дерегін берген «дроппер» сот алдында жауап берді. Бұдан бөлек, адам өлтіру, отбасылық зорлық-зомбылық, көмексіздік толмағандарға қарсы қылмыс, жасөспірімдер мен мас күйде жасалған құқық бұзушылықтарға қарсы нақты қадамдар жасалуда.

– Өңірдегі есірткі трафигі мен одан түсетін кірісті тәркілеу бағытында қандай жұмыс жүргізіліп жатыр?

Бауыржан ЖҰМАҚАНОВ,
Атырау облысының прокуроры:

«ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – ЕРГЕ МІНДЕТ»

– Есірткі жай ғана құқық-бұзушылықтың түрі емес, тұтас ұлттың болашағына балта шабатын қасіретке айналды. Бұл кесел – елдік иммунитеттің сын-қатері. Есірткіге тәуелділіктің соңында ұрпақ саулығы, отбасылардың күйреуі, ұлттың генетикалық әлсіреуі сынды ауыр зардаптар тұр. Сондықтан облыс прокуратурасы бұл мәселеге ерекше жауапкершілікпен қарап, есірткімен күресті жүйелі жүргізіп келеді.

Прокуратураның үйлестіруімен 2024-2025 жылдары өңірлік деңгейдегі 12 есірткі жеткізу арнасы тоқтатылды. Жедел іздестіру нәтижесінде 7 адамнан құралған қылмыстық топ әшкереленіп, құрықталды, 6,1 млрд теңге көлеміндегі криптовалюта шоғына тыйым салынды, 8 фитозертхана қызметі әшкереленді.

Қылмыстың қаржылық негізін жою – басты басымдықтың бірі. Осы бағытта прокуратура «Akella» интернет-дүкенінің криптоәмиянынан 2,5 млрд теңге, «Melissa» дүкенінен 3,6 млрд теңгеге тең криптовалюта таны бұғаттап, сот санкциясымен шоттарға тыйым салдырды. Бұл қаражат Қытай (3 адам) мен Тайланд (1 адам) резиденттерінің крипто-депозиттік шоттарына бағытталып келгені анықталды. Қылмысты «транзакция» арқылы жасырамыз дегендердің үмітін үздік.

Интернеттің «қараңғы беттерін» жарыққа шығару бүгінгі күрестің басты майданы. Есірткіні ашық жарнамалап келген 516 интернет парақшаның жұмысы тоқтатылды. Сондай-ақ 60-қа жуық граффити жазбалар жойылып, жастарды арбап келген визуалды жарнамаға тосқауыл қойылды.

– Соңғы үш жылда соттарда қанша қылмыстық іс айыптау үкімімен аяқталды?

– Сұрағыңыз өзекті. Заң – қоғамның арқауы, әділдік – мемлекеттің тірегі. Осы жолда әділеттің салмағын тең ұстап, жұрт сенімін арқалаған тұлға – прокурор. Прокурордың соттағы айыптауды қолдауы жай формальды міндет емес, бұл әділдіктің жүгін көтеріп тұрған Конституциялық миссия.

Ал соңғы үш жылда облыс соттарында 2 500-ге жуық тұлға қылмыстық жауапкершілікке тартылып, айыптау үкімдері жарияланды. Оның ішінде: 2023 жылы – 956, 2024 жылы – 1 003, 2025 жылдың 8 айында – 545 тұлғаға қатысты үкім шыққан. Бұл санның артында қаншама тағдыр, қаншама шешім, қаншама шындық жатыр. Прокурор осы шындықтың қақ төрінде тұрады.

Мемлекеттік айыпты қолдау – бұл жай процессуалдық рөл емес. Бұл заңға адалдықтың, адам алдындағы жауапкершіліктің көрінісі. Прокурор – әділет таразысын тең ұстаушы. Сондықтан сотта әрбір сөзі нақтылыққа, әрбір дәлелі шындыққа, әрбір әрекеті заңға негізделуі тиіс. Бұған мысал көп.

Әлбетте, әлеуметтік резонанс тудыратын істер – қоғамдық көзқарас пен сенімді қалыптастырады. Мұндайда прокурор салқынқанды, кәсіби әрі заңның тілімен сөйлеуі тиіс. Ата Заңға сай, «адамның қадір-қасиетіне қол сұғуға болмай-



ды». Бұл қағида прокурордың да темірқазығы іспетті. Бір сөзбен айтқанда, прокурор – заңның күзетшісі ғана емес, әділеттің жаршысы. Прокурордың әр сөзі заң, әр шешімі болашақ үшін жасалған әділ қадам. Ал әділдік салтанат құрған жерде ғана заң үстемдігі, ел бірлігі, халықтың сенімі болады.

– Жуырда Президент сотталғандарға рақымшылық жасау туралы заңға қол қойды. Бұл заң өңірде қанша адамға, қандай тәртіппен қолданылады?

– Конституцияның 30 жылдығына орай «Рақымшылық жасау туралы» заң қабылданып, қол қойылды. Бұл заң еліміздің қылмыстық саясатын жаңғыртып, адамгершілік пен әділдік қағидаттарын тереңдете түсетін маңызды құқықтық қадам болып табылады. Иә, рақымшылық заңы – түрмеде жазасын өтеп жатқан адамға жаңа өмірге мүмкіндік беретін құқықтық құрал. Облыста осы заң аясында 872 адамға рақымшылық қолданылып, олардың көпшілігі жазасын қысқарту немесе толығымен босату арқылы әлеуметтік өмірге қайта оралу мүмкіндігіне ие болды. Оның ішінде: түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жүрген 307 адамға, профилактикалық есепте тұрған 565 адамға рақымшылық жасалды. Қазіргі таңда 115 арнайы контингенттің істері сотқа жолданып, қаралу сатысында.

Орталық Азияда модельдік бастама ретінде бағаланған бұл заңның ерекшелігі – әлеуметтік әділдік пен ізгілікке негізделуінде. Мұнда бақылау және пробация арқылы қайта әлеуметтендіру механизмі қарастырылған, заң қауіпсіздік пен гуманизмнің тепе-теңдігін сақтайды және Орталық Азия мен ТМД елдері арасындағы заңнамалық тәжірибеден айтарлықтай ерекшеленіп, қатаң құқықтық негізге, жүйелі рәсімдерге сүйенеді, бұл оны үлгі боларлық құқықтық модельге айналдырады.

– Облыстағы прокуратура органдарының қадағалау актілері негізінде мемлекетке келтірілген залалды өтеу бойынша қандай нәтижелерге қол жеткізілді?

– Біздің өңірде прокурорлардың қатаң қадағалауының арқасында мемлекетке келтірілген залалдың өндірісі мен мүліктің қайтарылуы бойынша айтарлықтай ілгерілеу бар. Атырау облысының табиғаты мен экономикасы мұнай-газ саласының ірі кәсіпорындарымен тығыз байланысты болғандықтан, экологиялық талаптарды орындау ерекше бақылауға алынды.

Мемлекет басшысы былтырғы кездесуінде өңірдің экология жағдайына айрықша назар аударып, экологиялық талаптарды қатаң сақтауды талап етті. Осыдан кейін прокуратураның сот шешімдері арқылы бюджетке 100 млрд теңге қаражат өндірілетіні белгіленді. Соның ішінде 56,6 млрд теңге нақты өндірілді. Бұл қаражат ұзаққа созылған сот процестерінен өткен соң, прокурорлардың табанды әрі принципті ұстанымы нәтижесінде экологияға залал келтірген кәсіпорындардан өндірілді.

Заңсыз иемденген активтерден қайтарылған мүлік пен қаражат облыстың әлеуметтік дамуына жұмсалуда. Арнайы қор арқылы 3 әлеуметтік нысанның құрылысы басталды. Бұл халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған нақты қадамдар. Мысалы, Қызылқоға ауданында «Тайсойған-Миялы» магистральді су құбыры үшін 5 млрд теңге, Жамансор ауылындағы 110 орындық мектеп-интернатқа 2 млрд теңге бөлініп, Құрманғазы ауданындағы орталық аурухана жанынан «МРТ» қондырғысы үшін жапсаржай құрылысқа 81 млн теңге қаражат бөлінді. Бұл тек есептік сандар емес, халқымыздың игілігіне арналған нақты іс. «Бірлік болса, тірлік бар» дегендей, мұндай игі бастамалар қоғамның сенімін нығайтып, әділдік пен дамудың негізі болып отыр. Экологияны қорғау мен әлеуметтік

саланы дамыту – бір-бірінен ажырамас ұғым екенін тағы бір дәлелдей түседі.

– Бауыржан Альбертұлы, жоғарғы қадағалаушы органның басшысы ретінде облыс тұрғындарына қандай кеңес берер едіңіз?

– Құрметті облыс тұрғындары, әсіресе жас буын! Бүгінгі жаһандану дәуірінде қоғамның тұрақты дамуы мен әділетті Қазақстанның құрылуы – әрқайсымыздың саналы, жауапты әрекетімізге тікелей байланысты. Біз бейбітшілік пен даму кезеңінде өмір сүріп отырмыз, бұл – үлкен мүмкіндік пен жауапкершілік. Сол себепті, әр адам өз мүмкіндігін толық пайдаланып, елдің өркендеуіне үлес қосуы қажет. Мемлекеттік және квазимемлекеттік қызметшілер отансүйіштікпен, адалдықпен және кәсібилікпен еңбек етуі керек. Ал прокуратураның міндеті – заңның үстемдігін қамтамасыз ету, әрбір адамның және мемлекеттің мүддесін қорғау. Біз тұрғындардың мәселелерін ашық түрде заң шеңберінде реттеуге әрдайым дайынбыз және осы бағытта жұмысымызды жалғастырамыз.

Осы жылы Конституцияның 30 жылдығы мен дана Абайдың 180 жылдығы қатар атап өтіледі. Абай атамыздың «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең – істің бәрі бос» және «Адамзаттың бәрін сүй» деген ұлағатты өсиеттерін есте сақтай отырып, бірлігімізді нығайтып, ынтымақ пен татулықты сақтайық. Сонда ғана еліміз гүлденіп, бақытты шақтарымыз тоқтамайды! Осы сәтті пайдаланып, өңір халқын Қазақстан Республикасының Конституциясы күні мерекесімен құттықтаймын. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз еңселі болсын! Азат елдің ұрпақтары Ата заңын ардақтап өссін!

– Мазмұнды сұхбатыңыз үшін алғыс айтамыз!

**Сұхбаттасқан
Майра ЕРФАЛИ**

МЕРЕЙ

Конституция күні – мемлекетіміздің тағдыры мен әрбір азаматтың құқығын айқындайтын тарихи әрі тағылымды мереке. Бұл күн – еліміздің тәуелсіздік жолындағы маңызды қадамдарының бірі, құқықтық мемлекеттің негізін қалап берген күн. Сот жүйесі – Конституция кепілдік берген әділдіктің тірегі.



ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ МЕРЕКЕ

Ата Заңның 1-бабында: «Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» деп көрсетілген. Бұл тұжырым сот жүйесіне жүктелетін жауапкершілікті айқындай түседі.

Конституцияның 77-бабы бойынша сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады, ал соттардың тәуелсіздігі – әділетті шешім шығарудың басты шарты. Судьялар Конституция мен заңға ғана бағынып, қандай да бір сыртқы ықпалға жол бермеуі – мемлекетіміздегі құқықтық тәртіптің негізі.

Сот жүйесі – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаушы басты орган. Конституцияда әрбір адамның заң алдындағы теңдігі, әділ сотқа жүгіну құқығы, кінәсіздік презумпциясы нақты бекітілген. Бұл қағидаттар бүгінгі сот саласының күнделікті тәжірибесінде өз көрінісін табуда.

Қазіргі таңда елімізде сот жүйесін жаңғырту, сотқа деген сенімді арттыру, электронды сот өндірісін енгізу секілді маңызды реформалар іске асырылуда. Мұның барлығы – Конституцияда бекітілген қағидаттарға негізделген жүйелі даму жолы.

Конституция күні – сот қызметкерлері үшін ерекше мәнге ие. Бұл – құқық саласында еңбек етіп жүрген әрбір судья мен қызметкерге кәсіби жауапкершілікті қайта сезіндіріп, заң үстемдігіне деген адалдықты жаңғыртатын күн. Біз Ата Заңның әр бабын басшылыққа ала отырып, қоғамға әділеттілік пен сенім сыйлау жолында аянбай қызмет етуіміз керек. Өйткені, әділет – мемлекеттің негізі, ал әділ сот – сол әділеттің жаршысы.

**Ж.САРБАСОВА,
Қызылорда облысы
Шиелі аудандық сотының судьясы**

ТАРИХ-ТАРАЗЫ

«АЛҚА БИ» СӨЗІ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ?

Алқа билер сотының елімізде қылмыстық істер қарай бастағанына биыл он тоғызыншы жылға аяқ басты. Өткен жылдан бастап алқа билер сотының қарауына Қылмыстық кодексте қаралған аса ауыр қылмыстар санатына жататын қылмыстың 44 құрамы берілді.

Алқа билер сотының енгізіліп, жұмыс істеуіне тікелей қатысқанымды мақтан тұтамын. 1998 жылы ҚР Конституциясына өзгерістер енгізілді. Сол өзгерістің бірі – елімізде қылмыстық іс қарауға алқа билерді қатыстырумен байланысты. Алғашқыда құқықтану әдебиетінде олар «присяжный заседательдер» деп аталды. Конституцияға енгізілген өзгерістерде «алқа заседательдері» деп аталды.

ҰСЫНЫС – БІЗДЕН, ҚОЛДАУ – ТӨРАҒАДАН

Қазақстанда алқа билер сотының қажеттігі туралы мен 1995 жылы «Заң газетінде» жарияланған мақаламда айтып, онда алқа билер сотының классикалық-англо-саксондық моделіне тоқтап, оған талдау жасап едім.

Алқа билер сотының англо-саксондық моделінде 12 присяжный заседательдер (алқа би) қылмыс жасаған адамның кінәлі немесе кінәсіз екенін кеңесу болмесінде өздері, судьяның қатысуынсыз анықтайды, қабылдаған шешімдері туралы судьяға хабарлайды. Егер присяжный заседательдер қылмыскерді жасаған қылмысы үшін кінәлі деп таныса, онда төрағалық етуші судья присяжный заседательдерді босатады да, өзі кінәлі адамға жаза тағайындайды. Ал континентальдық модельде қылмыскерді жасаған қылмысы үшін кінәлі немесе кінәсіз деп тану шешімін кеңесу бөлмесінде алқа билер төрағалық етуші судьяның қатысуымен шығарады және кінәлі деп танылған адамға төрағалық етуші судьямен бірге жаза да тағайындайды.

2000 жылы наурыз айында Парламентінің Сенаты мені Жоғарғы Соттың судьясы лауазымына тағайындады. Сол жылдың күзінде Жоғарғы Соттың төрағасы болып Қайрат Мәми тағайындалды. 2000 жылдың соңына таман мен төрағаның қабылдауында болып, елімізде алқа билер сотын енгізуге байланысты ойларымды бөлістім. Жоғарғы Сотта топ құрып, алқа билер сотына байланысты заң жобасын дайындаудың қажеттігі туралы пікірді білдірдім. Төраға менің ойларымды қолдады да: «Заңның жобасын өзің дайындай бер», – деді.

Менің дайындаған жобам бойынша елімізде алқа билер сотының континентальдық моделін енгізу қарастырылған еді. Алғашқы жобада

жеті алқабидің қатысуымен қылмыстық іс қарау қарастырылды. Жарты жылдан кейін Президент әкімшілігі Жоғарғы Сотқа алқа билер сотына байланысты заң жобасын дайындау туралы ұсыныс түсірді. Жоғарғы Сот жобаның дайын екенін айтып, мен дайындаған жобаны әкімшіліктің қарауына жібердік.

Сол кезде И.Рогов Президент әкімшілігінде жұмыс істейтін. Ол Жоғарғы Соттың дайындаған жобасын жалпы мақұлдап, алқа билер санын 9-ға, судьялар санын 3-ке жеткізуді сұрап, жобаны толықтырып, қайта дайындауды ұсынды. Жоғарғы Сот бұл ұсыныспен келісіп, жобаны толықтырып, қайта дайындады. Алқа билер соты туралы жобаны талқылау барысында Жоғарғы Соттың, тікелей Қайрат Мәмидің бастамасымен бірнеше рет халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, семинарлар өткізілді.

ТАЛҚЫ ТҮЙТКІЛДЕРДІ ТАРҚАТАДЫ

Ең бірінші халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция 2002 жылдың 25-26 қарашасында Алматыда өткізілді. Конференция тақырыбы: «Қазақстан Республикасында алқа билер сотын енгізудің болашағы», – деп аталды. Мен бұл конференцияда «Алқа билер сотының континентальдық моделін енгізу», – деген тақырыпта баяндама жасадым.

Содан кейінгі үлкен конференция 2005 жылы 17 нау-

дың артықшылығын айтып, Қазақстанда оны енгізудің тиімділігін алға тартты.

Осындай конференция Парламентте де өтті. Елге белгілі депутаттар сөйлеп, Қазақстанға тиімді алқа билер сотының моделі туралы өз ойларын ортаға салды. Сол кездері кейбір белгілі азаматтардың Жоғарғы Сот ұсынған алқа билер соты туралы заң жобасымен терең таныспай, сынай бастайтынына, ал, өздері қолдап отырған англо-саксондық модельді алқа билер сотының мәнін түсінбей сөйлейтініне таңданушы едім. Ел ішінде өткізілетін кейбір семинарларда Жоғарғы Соттың жобасын қолдайтындар болмай, жалғыз өзім қалушы едім. Осындай Жоғарғы Соттың алқа билер туралы заңның жобасын талқылаған семинардың бірі Қазақ заң академиясында өтті. Ол кезде академияның ректоры Мақсұт Нәрікбаев еді. Семинардағы баяндамнан кейін Парламенттің бір депутаты: «Жоғарғы Сот өкілінің сөзінен Жоғары Сот ұсынып отырған алқа билер сотының артықшылығын түсінбедім» деді. Ол кісіге: «Иә, дұрыс айтасыз, заңның жобасын түсініп оқып, талдамаған адам шындығында еш нәрсе түсінбейді» деп жауап беруге тура келіп еді. Алдында Жоғарғы Соттың жобасын қолдап, БАҚ-та мақала жазып жүрген ағамыз марқұм Мақсұт Сұлтанұлы да осы семинарда жобаға қарсылық білдірді. Бірақ, кейін жоба Парламентке түскен кезде Мақсұт Нәрікбаев жобаны қолдап, қорытынды жазып берген еді.

«ЗАСЕДАТЕЛЬДІ» БИ ДЕП АТАУ ОРЫНДЫ

2006 жылдың басында ҚР Қауіпсіздік кеңесі алқа



рызда Алматыда «Қазақстанда алқа билер сотын енгізу: теориялық және тәжірибелік проблемалары», – деген тақырыпта Еуропа және Ресей ғалымдарының қатысуымен өткізілді. Бұл шарада алқа билер сотының англо-саксондық моделін жақтайтын топтың да өкілдері сөйледі. Олар англо-саксондық модель-

билер сотының екі моделін талқылап, дауысқа салғанда көпшілік дауыспен Жоғарғы Соттың жобасы қолдау тапты. Сөйтіп жоба Парламентке жіберіліп, комитеттер құжатты талқылауға кірісті. Сол кезде Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетін депутат Сергей Михайлович Жалыбин



басқарды. Мен С.Жалыбинді Қостанайда судья болып қызмет істеп жүрген кезден білетін едім. Ол адвокат ретінде мен қараған қылмыстық істерге қатысқан болатын. 2000 жылдардың басында С. Жалыбин Парламент депутаты болып сайланды.

Алқа билер соты туралы Жоғарғы Соттың жобасын қорғай жүріп «заседатель» деген орыстың сөзін қазақ тіліне аударып жазудың жолдарын ойладым. Бірде айыптаушы және қорғаушы жақтар, жәбірленуші мен сотталушы қылмыстық іске қатысатын алқа билерді өздері таңдап алатындығын ескеріп, алқа заседателі бір іске қатыса отырып, сотталушының әрекетіне баға беріп, кінәлі немесе кінәсіз деп танып, билік айтатынын ескеріп «заседатель» деген сөзді қазақша «би» деп жазсақ дұрыс болар еді деген ой келді. Осы ойларыммен, өзі де қазақ әдет-ғұрып заңдарын, билерін зерттеп, еңбек жазған комитет төрағасы С. Жалыбинмен бөлістім. С.Жалыбин менімен көп сөзге келмей келісті. Сөйтіп Парламенттің комитеті алқа билер соты туралы жаңа жобаның қазақша мәтініндегі «заседатель» деген сөздің бәрін «би» деген сөзбен ауыстырды. Енді «алқа заседателі» «алқа билер» болды.

СЕНАТТАҒЫ «ӨЗГЕРІС»

Заң жобасын Парламентте талқылау кезінде «алқа би» сөзі қарсы пікір тудырмады. Заң жобасы парламентте қабылданып, Сенаттың талқылауына жіберілді. Құжат Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетіне түсті. Бұл комитетті сенатор Е.Жұмабаев басқаратын. Іс са-

қайырдым да, алқа заседателінің биге ұқсас екенін, бір қылмыстық іске қатысып, ол да билік айтатынын жеткіздім. Әбіш аға: «Алқа заседательдері де билердің қызметін атқарады екен ғой. «Би» деген сөз орынды қолданылған екен, комитеттің ауыстырғаны дұрыс болмады ғой», – деп, мені қолдады. Ол кісі сенаторлар Өмірбек Бәйгелдіге, Қуаныш Сұлтановқа кіріп, маған айтқандарыңды оларға да жеткіз деді. Аталған сенаторларға, содан кейін өзім танитын үш сенаторға кіріп, өз ойларыммен бөлістім.

ҚАЗАҚЫ СӨЗ ЗАҢДАҒЫ ОРНЫН ТАПТЫ

Біраз күннен кейін Сенаттың пленарлық отырысы болды. Мен А.Смолинмен бірге Жоғарғы Соттың өкілдері ретінде қатыстым. Бізге сөйлеуге, сұрақ қоюға болмайды. Заң жобасы туралы баяндаманы сенатор Ермек Жұмабаев жасады. Заң жобасын талқылау барысында түскен ұсыныстар туралы, жалпы заң жобасы сапалы дайындалғанын айтты. Төрағалық етуші Сенат төрағасы баяндамашыға қоятын сұрақтың бар-жоғын сұрады. Ешкім қол көтере қоймады.

Бір кезде залдан Әбіш ағаның дауысы шықты. Ол кісі сенаторлардың атын ғана атап сөйлейді екен. «Ей, Ермек, Сенатқа келіп түскен жобаның қазақша мәтінінде «алқа би» деген қазақтың әдемі сөзі болған екен. Және де алқа заседатель дегендерің қылмыстық іске қатысқанда бидің қызметін атқарады екен. «Би» сөзі өте орынды қолданылыпты. Ол сөзді неге ауыстырдыңдар?» – деп еді, залда отырған сенаторлар гу ете қалды.

Баяндамашы Ермек Жұмабаев: «Әбеке, сіздің айтып отырғаныңыз дұрыс, өзіміз де «алқа билер» сөзін қайта енгізсек пе отырмыз деді де, сол жерде заң жобасының қазақша мәтініндегі «заседатель» сөзі «би» деген сөзбен ауыстырылсын!» – деді.

Сөйтіп қазақ заңгерлерінің лексиконына алқа билер деген сөз енді. Қателеспесем, бір жылдан кейін Конституциямыздың қазақша мәтініне алқа билер сөзі жазылды. Сондағы менің кеудемді кернеген қуаныш сезімі осы күнге дейін есімнен шықпайды. Қазақтың бір сөзі үшін қазақтың белді сенаторларының алдында отырып, оларға «би» деген сөзді қолданудың қазақ тілі үшін қаншалықты маңызды екенін түсіндіріп, ой бөліскенімді қазір мақтаныш сезіммен еске аламын. Бір сөздің қазақша жазылу тарихы осындай еді.

Әділ ҚҰРЫҚБАЕВ, Жоғарғы Соттың отставкадағы судьясы

ТЕМІРҚАЗЫҚ

Құқықтық дәстүрлер сабақтастығы

ҚР Конституциясы – еліміздің басты заңы, құқықтық жүйенің негізі, мемлекеттік биліктің бастауы. Ата заң – халқымыздың өз тағдырын өзі айқындап, болашағын бекем құрған сәтінің тарихи белгісі. 1995 жылы бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған Ата Заңымыз – Қазақстанның демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнығуының негізі болды. Конституцияның әрбір бабы – халқымыздың ерік-жігерінен, болашаққа деген сенімінен туған. Қоғамдағы тұрақтылық, заң үстемдігі, адам құқықтарын қорғау сынды негізгі қағидааттар – Ата Заңның өміршеңдігінің айғағы.

Қазақ ежелден құқықтық санасы жоғары, әділдікке жүгінген, билік пен ел бірлігін заңмен ұштастырған еді. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сынды ұлы дала даналарының шешендігі мен билік айту өнері – бүгінгі сот төрелі-

гінің бастауы десе де болады. Бұл құқықтық дәстүрлер Ата Заңымызда өз жалғасын тапты. Судья ретінде байқағаным – заңға құрмет отбасында, мектеп қабырғасынан басталады. Құқықтық тәрбиені ерте кезеңнен бастап да-

мыту, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру – құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңызды бағыты. Бұл бағытта мемлекет тарапынан түрлі бағдарламалар қабылданып, құқықтық ағарту жұмыстары жүргізілуде.

Азаматтардың құқықтық сауаттылығы – құқықтық мемлекет құрылымының негізгі элементінің бірі. Өз құқығын білетін, заң жолымен қорғай алатын тұлға – өз қоғамының белсенді мүшесі. Бұл ретте, сот, құқық қорғау органдарының, оқу орындарының, БАҚ-тың атқаратын рөлі зор.

Сот тәжірибесінен байқағанымыз даулардың көбі азаматтардың өз құқықтары мен

міндеттерін толық білмеуінен туындайды. Кей жағдайда, заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін уақытылы әрекет етпей, кейін үлкен мәселеге тап болатындар да аз емес. Мұндай олқылықтың алдын алу үшін құқықтық насихат жұмыстары үздіксіз жүргізілуі тиіс.

Конституция күні – Тәуелсіз Қазақстанның кемел болашағына негіз қалаған тарихи күн. Бұл – елдің ертеңіне деген сенім мен әділетті қоғам құру жолындағы ортақ жауапкершілікті сезіну күні. Ата Заңды ардақтау, оны орындау – ел алдындағы парыз. Әр азамат өз құқығын, міндетін терең түсініп, заңға құрметпен қарағанда ғана қоғамда тұрақтылық, бейбітшілік пен әділеттілік салтанат құрады.

А.УСЕРБАЕВА, Маңғыстау облысы, Бейнеу аудандық сотының судьясы

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Қазақстан тарихындағы бесінші, ал тәуелсіздік дәуіріндегі екінші Конституцияның қабылданғанына биыл 30 жыл толып отыр. Елдің әлеуметтік, экономикалық және саяси дамуында үлкен рөл атқарған басты құжаттың қоғамдағы рөлі өте зор. Азаматтардың конституциялық құқығын қамтамасыз етуге қатысты қоғамдағы өзекті мәселелер туралы біз заң ғылымдарының кандидаты, Ұлттық құрылтай мүшесі, Алматы облыстық Қоғамдық кеңесінің мүшесі Қазыбек Дауталиевпен сұхбаттасқан едік.

– Биыл 30 жылдығы тойланып отырған Конституцияның Қазақстан халқын біріктірудегі рөлін қалай бағалайсыз?

– Біз сыртқы түсіміз де, дініміз де, тіліміз бойынша да әртүрліміз. Конституция әртүрлі болғанымызға қарамастан, бізді біріктіреді. Бізді біріктіретін бір-ақ нәрсе бар. Ол – құқық. Құқық – негізгі заңда, яғни Конституцияда бекітілген құқықтар мен бостандықтардың және міндеттердің бірқалыпты, теңдей сақталуы. Біреуге артық, біреуге кем емес. Бәріне бірдей формальды тұрғыдан тең тиесілі екендігі. Оны иемдену де, пайдалану да, сақтау да, қолдану да бірдей. Осы нәрсе, яғни құқық арқылы біз бірігеміз. Ал басқа жағына қарасаңыз біз әртүрліміз. Бұл нені білдіреді? Біз құқық арқылы ғана бірігетін өркениетті қоғам құруымыз керек. Ол біздің әртүрлілігімізді теңестіре алады, әртүрлілігіміздің кедергі болатын қайшылықтарының барлығын алып тастайды. Құқықтың осындай үлкен функциясы бар. Бұл бүгінгі таңда Конституцияда құқықтар, бостандықтар және міндеттер арқылы бекітілген.

– Қазақ ұлтының үлесі 70 пайыздан асқандықтан Конституцияның 9-бабында көрсетілген мемлекеттік рәміздер қатарына қазақ тілін де қосу керек деген пікір қаншалықты негізді деп ойлайсыз?

– Мемлекеттік рәміз деген былайша айтқанда мемлекеттің символдық белгілері ғой. Сол сияқты мемлекетті біз белгілі бір таңбалар арқылы танимыз. Ол – Елтаңба, Ту, Әнұран. Бұл әлемде қалыптасқан классикалық үштұғырлы дүние. Ал Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді рәміздер қатарына жатқызуға, меніңше, қажеттілік жоқ. Өйткені мемлекеттік тілдің өзінің Конституциялық мәртебесі бекітіліп отыр. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл ретінде танылған. Арнайы сондай норма бар. Керісінше, мемлекеттік тіліміз рәмізге емес, мемлекеттің белгісіне көбірек келеді.

Мемлекеттің белгілерін біз екі топқа бөлеміз. Негізгі және негізгі емес деп. Негізгі 5 классикалық белгісі бар. Ол – аумағы, халқы, билік органдарының жүйесі мен құқықтық жүйесі, алым-салық жүйесі және тұрақты армиясы. Сонымен қатар мемлекеттің негізгі емес белгілері бар. Солардың бірі – мемлекеттік тіл деуге болады. Өйткені мемлекеттік тіл арқылы мемлекеттік билік іске асады. Мемлекеттік тіл әсіресе, мемлекеттің белгісі ретінде посткеңестік елдерде, жалпы, постколониальк елдерде өте өзекті. Бір елдерде мұны иденттілік құралы ретінде пайдаланады. Әсіресе посткеңестік елдерде. Қырғызстанда қырғыз тілі, Өзбекстанда өзбек тілі, Қазақстанда қазақ тілі, Украинада украин тілі деген секілді. Ал енді постколониальды режимнен шыққан Африка елдерінде бұл тағы да үлкен күрделі сұрақ туындатады. Мемлекеттік тіл мемлекет автохонды, унитарлы болмағандықтан, ол жерде бірнеше тіл қатар өмір сүреді. Сондықтан оларда мемлекеттік тіл ағылшын тілі ретінде арбитр функциясын атқарып, болмаса француз тілі, неміс тілі ретінде солай өмір сүруде. Ол жерде көзқарас бөлек. Бұл мемлекеттердегі мемлекеттік тіл белгісі әлсіз көрініс береді. Бізде посткеңестік елдерде бұл ерекше көрініс береді. Өйткені мемлекеттік тіл бұл жерде мемлекеттің тағдырына пара-пар. Осы себепті бұл өте сезімтал тақырып. Сондықтан да Украина мен Ресей арасындағы қақтығыс тіл саясатынан бастау алып отыр. Бір жақ тілдік дискриминация мәселесін желеу етіп Украина территориясына басып кірсе, екінші тарап өзінің егемен ел екенін, өз құқығын мемлекеттік тіл арқылы іске асыра алатындығын басты көзір ретінде ұстады. Жалпы алғанда мемлекеттік тілдің тағдыршешті мәселе екендігін посткеңестік елдерден көреміз.



Қазыбек ДАУТАЛИЕВ,
Алматы облыстық Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

«Жаңа Конституция қабылдауға қажеттілік жоқ!»

Жалпы рәміздер дегенге мен өзім келіспеймін. Өйткені рәміз деген мемлекеттік символдау. Мемлекеттік тіл ол символдан гөрі, мемлекеттің белгісіне жатады. Белгі мен символдың айырмашылығы не? Белгі мемлекеттік тіл болмаса, сол мемлекет болмайды деген сөз. Ал символ дегеніміз мемлекетті сырттай танудың бір көрінісі. Оны қалай белгілеуімізге болады образды түрде? Менің ойымша мемлекеттік тілді негізгі емес белгі ретінде көруіміз неғұрлым объективті және бұл дұрыс болатын еді. Сондықтан да мен мемлекеттік тілге рәміз ретінде қарауға қарсымын.

– Конституцияға соңғы жылдары енгізілген өзгерістер бойынша Мәжіліс депутаттарының 70 пайызы партиялық тізіммен сайланады. Бұл саяси партияларға сенбейтін азаматтардың құқығын бұзбай ма?

– Бізде бұрын 100 пайыз партиялық тізіммен сайланған болатын. 2022 жылғы реформадан кейін оны 70 пайызға түсіріп, 30 пайызын бір мандатты округтерге берді. 2005-2007 жылдары ҚР Президенті жанындағы Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия деген болды. Комиссия құрамында академик Салық Зиманов та болды. Оның көмекшісі ретінде біз біраз ұсыныс бердік. Жұмыс тобын Ауыл партиясының төрағасы Ғани Қалиев басқарды. Ол жерде біз «депутаттардың 50 пайызы бір мандатты округтерден, 50 пайызы париялық тізіммен сайлансын. Қазақстанда 100 пайыз партиялық тізімді қолдану әлі ерте» дедік. Негізгі париялық тізім дұрыс. Демократиясы қалыптасқан, саяси плюрализмді бар, көппартиялы жүйеде бұл орынды. Қазақстанда әлі күнге дейін бір партиялық басқару орын алып отыр. 50+1 пайыз дауысты алды деген сөз – бір партия басқа партияның қатысуынсыз заң қабылдай алады дегенді білдіреді. Яғни бұл бір партиялық билеу деген сөз. Осындай жағдай орын алмас үшін көппартиялы жүйе керек. Әрине, ол жүйе дамығанға дейін біз күтіп отыра алмаймыз. Сондықтан партиялық тізіммен дегенді азайттық. 70 пайыз да жаман емес қазіргі уақытта.

Жалпы кез келген реформаны енгізген кезде алдымен оның жұмыс істеу тетіктерін қарап алуымыз керек. Бір мандатты округтен сайланған 30 пайыз депутат жұмыс барысында өзін көрсетсе, оның үлесін қайта көтеруге болады. Конституция өзгермейтін құжат емес. Оны кез келген уақытта өзгерте аламыз. Қателеспесем бір мандатты округтен сайланған 29 депутаттың 24-і «Аманаттың» мүшелері. Мұндай жағдайда сайлаудың нәтижесі айтарлықтай болды дей алмаймыз. Бір мандаттық округтен сайланғандар партиялық тұрғыдан бейтараптық таныту керек. Президент сайланған кезде де партияда болмау керек деген норма енгіздік қой. Осындай норманы депутаттарға да енгізу керек. Олар да Президент сияқты өкілді орган халықпен тікелей сайланатын. Сондықтан Президент сияқты

халықтан ғана тікелей мандат алу керек. Яғни бір мандаттық округтен сайланатын депутаттардың бір партиядан болуы Конституциялық өзгерісті әлі де жетілдіруді қажет ететін кемшіліктің бірі деп санаймын. Олар құжат тапсырған соң партиядан шығу керек. Партиялар бұл іске араласпау керек. Бұл жердегі мақсат халықтың партиямен тайталасуы. Яғни бір мандаттық округтен сайланатын депутаттар ешқандай партияда болмау керек деген норма енгізуіміз керек.

– Жақында Жұмагелді Елубаев деген заңгер «Қазақ Республикасының Конституциясы» деп аталатын өз жобасын жасап, жариялады. Бұдан хабарыңыз бар ма?

– Иә, заң ғылымдарының докторы, профессор Елубаевты жер қойнауымен байланысты құқық саласының маманы ретінде танимыз. Бірқатар ұсыныстары дұрыс сияқты. Бірақ Конституция жасалғанда белгілі бір

Менің ойымша дәл қазіргі уақытта жаңа Конституция қабылдайтындай сұраныс жоқ. Өйткені өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, біраз реформалар жүріп жатыр. Ол реформаларда да кемшіліктер бар. Демек, соларды жетілдірейік. Қазіргі негізгі мақсатымыз біздің көппартиялы саяси жүйе және ол саяси жүйе шынайы болып, Парламентте, мәслихатта реалды орын алуы керек.

дүниелерді басшылыққа алу керек. Конституцияның жазылуы, жаңа Конституцияның қабылдануы бұл әлемдік тарихта, мемлекеттің тәуелсіздік алуымен тікелей байланысты.

Менің ойымша дәл қазіргі уақытта жаңа Конституция қабылдайтындай сұраныс жоқ. Өйткені өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, біраз реформалар жүріп жатыр. Ол реформаларда да кемшіліктер бар. Демек, соларды жетілдірейік. Қазіргі негізгі мақсатымыз біздің көппартиялы саяси жүйе және ол саяси жүйе шынайы болып, Парламентте, мәслихатта реалды орын алуы керек. Ешқандай да партия 49 пайыздан артық дауыс алмайтындай парламенттік режимді қалыптастыру маңызды. Ал Конституция қабылдайық, ананы бұйтейік, мынаны сүйтейік деген нәрсенің барлығы екінші қатарға ысырылып қалады. Өйткені негізгі мәселе ретінде партиялар бәсекеге түсіп, өзара халықтың ішіндегі түрлі топтармен жұмыс жасап, олардың мақсат-мүдделерін жеткізуде өз қызметтерін көрсетіп, сол қызметімен сайлаушылардың дауысын жинап, соларға таласып жұмыс жүргізетін болса, демократия деген осы.

Ешқандай Конституция жаман емес. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қабылданған Конституциялардың көпшілігі дұрыс, советтік Конституцияларды қоспағанда. Ол жерде де адамның әлеуметтік құқықтарына қатысты көп жақсы дүниелер болды. Тұтастай алған кезде Қазақстанның 2 рет қабылданған Конституциясы да жаман емес. Мәселе сол Конституцияның нормаларын, оның ішіндегі дұрыс құндылықтардың, принциптердің дұрыс мәніне сай жұмыс істеуі үшін бір ғана механизм керек.

– Ел тарихында азаматтардың өз бастамасымен жаңа Конституция жобаларын жасап, жұртшылық назарына ұсынған жағдайы аз емес. Жалпы бұл мәселе туралы өз ойыңыз қандай?

– Әрине, ұсына беруге болады. Академиялық ортаның азаматтары, түрлі саяси партия-

ялар, белсенді азаматтар болуы да мүмкін. Мемлекет ретінде Қазақстан болашақта қалай дамуы керек, қоғаммен байланысында қандай мәселе өзекті болу керек деген сияқты мәселелерге көзқарасты таныту қалыпты жағдай. Әркімнің өз ойы болады. Соны Конституция арқылы есімдеуде ешқандай қайшылық болмауы керек. Меніңше, бұл жақсы дүние. Адамдардың түрлі пайымдаулар жасауына шектеу қоймау керек. Ондай ойлардың айтылғанынан қауіптенуге болмайды. Олардың жақсы тұстарын елеп-ескерген дұрыс.

Ал енді дәл қазіргі уақытта жаңа Конституция қабылдаймыз десе оған негіздеме болу керек. Қолданыстағы Конституцияда конституциялық құрылыстың негізі болып табылатын басты-басты институттар қоғам талабына жауап бере алмай отыр деген сияқты объективті жағдай орын алуы тиіс. Сонда ғана біз жаңа Конституция қабылдауға мәжбүр боламыз. Мәселен, қазір Сенат қажет емес деген тезис көптен бері айтылып келе жатыр. Шыны керек, Сенат болмауы үшін, оған қажеттілік туындамауы үшін Мәжіліс мықты болу керек. Ал қазіргі кезде Сенат керек. Өйткені Мәжіліс әлі

де болса көп нәрсені жолға қоюы қажет. Айталық осы шақырылымдағы Мәжіліс алдыңғы шақырылыммен салыстырғанда өз пікірін, өз уәжін айта алатын болды. Оны әлеуметтік желіден де, ақпарат құралдарынан да көріп жатырмыз. Кез келген мәселені ашық талқылайды. Бірақ айтудай айтқанымен, оны істете алмай келе жатыр. Айту бір бөлек те, істету бір бөлек. Мұның себебі белгілі. Егер Парламентте бір партия басым көпшілік дауысты алып шықса, сол өз Үкіметін құрады. Әрі ол өзі құрған Үкіметін тарата алмайды ғой. Өзің тағайындаған соң, оны қалай сынайсың. Міне, бізде осындай практикалық және теоритикалық мәселе бар. Оған мистерализм режимі кедергі келтіріп отыр.

Бізде Үкіметке сенімсіздік білдіру орын алған жоқ. Бізге парламентаризм режимі керек. Осы мәселелер шешілген жағдайда екінші палата керек емес, Конституцияны өзгерткен дұрыс деп айтуға болады. Содан барып бір палаталы Парламентке негізделген жаңа Конституция жазу мәселесі туындауы мүмкін. Жаңа Конституция жазуға негіз болатын осындай тарихи, әлеуметтік, экономикалық, саяси дамудың объективті негіздemesі болған жағдайда ғана нақты қадам жасауға болады деп ойлаймын. Мұндай негіздің болмауы құқықтық нормалардағы тұрақсыздыққа соқтырады.

– Қазіргі Конституцияға қандай жаңа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге болады?

– Вице-президент институтын сөзсіз енгізу керек деп санаймын. Өйткені Президент те адам ғой. Заң аясында 50 күннен астам еңбек демалысына барады. Біз Президенттік басқару нысанындағы республикамыз. Президент күніне жүздеген шешімге қол қояды. Онымен келісіледі. Яғни, шешім қабылдамайтын күн болмайды. Оның орынбасары жоқ. Сондықтан вице-президент институтын енгізу керек. Ол бірінші осы мәселенің дұрыс шешілуіне алып келеді. Екіншіден, бұл лауазым – Президент алда-жалда денсаулығы нашарлап қалса елдік міндеттерді орындауда тежеліс болмауы үшін, мемлекетте түрлі дағдарыс орын алмауы үшін оны алмастыруға әбден лайықты тұлға. Вице-президенттердің өз функциялары болады. Олардың өкілеттіктерін қарастырған жөн. Көптеген конституциялық институттардың функцияларын вице-президент атқара алады. Ол Конституцияның тарихымызда бұрын болған. 1993 жылғы Конституцияда болды. 1995 жылғы Конституцияда да Ерік Асанбаев осы лауазымнан кеткенге дейін Вице-президент лауазымы бола тұрады деп жазылды. Бұл лауазым өте қажет. Маңызды деп санаймын. Ол мемлекеттік аппарат механизмінің кідіріссіз жұмыс істеуіне дұрыс жол ашады.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ПІКІР

Конституция республикалық референдум өткізу арқылы, бүкілхалықтың қолдауымен қабылданды. Құжат 9 бөлімнен тұрады. Әр бөлім мемлекет пен қоғам өмірінің ең маңызды салаларын реттеу үшін жеке-жеке қарастырылған. Бірінші бөлімде – елдің негізгі; екіншіде – адамның құқығы; кейінгі бөлімдерде – билік тармақтары (Президент, Парламент, Үкімет, Сот), соңында – жергілікті басқару мен өтпелі ережелер, яғни, мемлекеттің барлық жүйесін толық әрі рет-ретімен қамтуға арналған.

Қазақстан Республикасының Конституциясы – елдің басты құқықтық құжаты, мемлекеттіліктің іргетасы, әрбір

қазақстандықтың құқығы мен еркіндігінің кепілі. Конституция күні жыл сайын 30 тамызда аталып өтеді. Бұл күн – тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең маңызды мерекенің бірі. Бұл мереке – Отанымызды құрметтеу, елдігімізді дәріптеу күні.

Конституцияда Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет екені көрсетілген. Демократия дегеніміз – «халық билігі» дегенді білдіреді, яғни халық – биліктің қайнар көзі болып табылады. Зайырлы мемлекет дегеніміз – әрбір азамат қандай дінді мойындаймын немесе мойындамаймын десе де өз еркі. Мемлекетімізде діни ұйымдар құруға кедергі жоқ, бірақ, олардың мемлекеттің ішкі ісіне араласуына жол берілмейді. Әлеуметтік мемлекет дегеніміз – мемлекет халықты топқа,

жікке бөлмейді және барлығына бірдей қамқорлық жасайды. Құқықтық мемлекет дегеніміз – әрбір азамат өз құқығын білмейінше, өмірдегі белестерден өтуі қиындайды. Сондықтан, әр азамат Ата Заңымыздағы көрсетілген өз құқықтарын толыққанды білуі шарт.

Әрбір азамат Конституцияны құрметтеп, ондағы ережелерді орындауға міндетті. Себебі заңды сыйлау елдің дамуына, қоғамды тәртіп пен әділдіктің орнауына жол ашады. Әрбір азамат Ата Заңымызға сүйене отырып, бақытты өмір сүрсін!

А.БИСЕНАЛИНА,
Ақтөбе қаласы
әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

БАСПАНА

2025 жылғы 29 тамызда «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу, автомобиль жолдары және мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» жаңа заңы қолданысқа енгізілді. Құжат 30 маусымда ресми жарияланды. Бірақ парламенттегілер «ондағы талаптарға нарық пен бизнес жеткілікті деңгейде дайындалуы, жауапты меморгандар керекті нормативтік құқықтық актілерді қабылдап үлгеруі» үшін 60 күндік өтпелі кезең берді. Заңның кеш күшіне енуінің себебі де осында.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің хабарлауынша, жаңа заң келесі жаңалықтарды қарастырады: -нарыққа кіретін жаңа ойыншылар қатарын көбейту мақсатында құрылыс компанияларына қойылған бұрынғы жоғарғы талаптар кемітілді, шарттар жеңілдетілді;

-алдын ала келісім, брондау келісімі, цессия, инвестициялау келісімі сияқты үлестік құрылыс заңнамасын айналып өту арқылы үлескерлердің ақшасын тартуға мүмкіндік беретін шарттар жасасуға тыйым салынады, енді тек үлескерлік қатысу туралы шарт қана қалады;

-әкімдіктің рұқсаты не бірыңғай оператордың кепілдігі болмаса, рұқсатсыз салынып жатқан тұрғын үйді жарнамалауға тыйым салынады;

-үлескерлердің қаражатын тартуға рұқсаты жоқ немесе бірыңғай оператордың кепілдігі жоқ тұрғын үй кешеніндегі пәтерге банктердің ипотека беруіне тыйым салынады;

-үлескерлердің ақшасын заңсыз тартқаны және жарнаманы таратқаны үшін әкімшілік айыппұл бұрынғы 300 АЕК-тен енді 2 мың АЕК-ке (2025 жылы – 7 864 000 теңгеге) дейін ұлғайтылды;

-компанияның көппәтерлі тұрғын үйдегі немесе жеке тұрғын үйлер кешеніндегі үлес ақысын үлескерлерге қолма-қол ақшамен сатуына, оны алуына тыйым салынады;

-тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу заңнамасы бұрынғыдай тек көп пәтерлі тұрғын үйлерді ғана емес, сондай-ақ коттедждер қалашығы сияқты жеке тұрғын үйлер кешендерінің құрылысын да қамтиды. Яғни, үлескерлерге қатысты заңнама бұдан былай коттедждер қалашығынан коттедждік коттедж күйінде сатып алғандарды да қорғайды.

Жалпы, бұл салада дағдарыс байқалады, депутаттардың өзі осыдан бірнеше жыл бұрын шешілуге тиіс үлескерлер проблемасы әрі қарай ұшығып бара жатқанын мойындады.

Мәжіліспен Мақсат Мәлікұлының

дерегінше, басқасын айтпағанда тек Астана қаласының өзінде пәтерлерді заңсыз сатқан, құрылысы аяқталмай орта жолда тұралап қалған 51 проблемалық объект бар. Мысалы, жаңа реформаға серпін берген әлгі жаңа заңда пәтерді сатып алу кезінде құрылыс компанияларының кассасына қолма-қол ақшаны енгізуге тыйым салу қоғамның қатаң сынына қарамастан қабылданды. Сарапшылар қазіргі кезде жеке тұлғалар мен бизнестің қолында үлкен көлемде қолма-қол ақша барын еске салады. 2025 жылдың бірінші тоқсанында қолма-қол ақша базасы 13,66 триллион теңгеге жеткен. Халық осы шытыраған ақшаны – жиған-тергенін үй сатып алғанда кассаға төлейтін. Азаматтар алдымен ол ақшасын банкте шот ашып, соған салуға, тек содан кейін ғана оны құрылыс компаниясына енгізуге міндеттелген еді. Осылайша, бейресми «капитал амнистиясынан» өтуге, декларациялап, салығын төлеуге тиіс.

Қазақстанның құрылыс компаниялары қауымдастығының президенті Виктор Микрюковтың пікірінше, бұл ақша аудару үшін банктің комиссиясын қосымша төлеп, адамдардың негізсіз шығындалуына әсер етеді. Қауымдастық басшысы республикада көптеген объект «сұр» схемалармен тұрғызылып жатқанын, үлескерлердің қаражатын тартуға рұқсаты болмаса да, азаматтарға еркін сатылып жатқанын, ал, баспана бойынша мәмілені заңнаманы айналып өтіп, бекіте беретінін жеткізді. Жаңа заң жылжымайтын мүлік нарығын айқын әрі қауіпсіз етуі қиын. Кейбір құрылыс компаниялары өзі салып жатқан ТК-лардағы пәтерлерді бұдан былай өзі сатпайды. Оларды алдымен фирмасына, ым-жымы бір жылжымайтын мүлік агенттігіне тапсырады, оны әрі қарай солар сататын болады.

Сондай-ақ жаңа заң рұқсат құжаттары жоқ тұрғын үй кешендерін жарнамалауға тыйым салады. Бірақ

ҮЛЕСКЕРЛЕР үмітімен ойнауға болмайды



жарнама қызметінің мамандары бұл тыйымның да ескіріп қалғанын атап өтті: қазіргі тренд бойынша құрылыс компаниялары жеке объектінің пиарынан бас тартып, оның орнына сатып алушының жадын жадылап, жанын жаулар ұсынысты ілгерілетумен айналысуға көшіп жатқан көрінеді. Мысалы, «Небәрі 14 миллион теңгеге жайлы пәтер алыңыз!» деген тартымды да қызықты жарнама береді, онда тұрғын үй кешенінің атын атамайды. Тек соған елең етіп, ондағы нөмірге хабарласқан клиенттерге ғана ТК-ның өзге егжей-тегжейлі ақпараты беріледі.

Қоғамның жаңа реформаға шүбәлануының тағы бір салмақты себебі бар: оның жаңа заңы құрылыс салушыларға қойылып келген бұрынғы қатаң талаптарды керісінше, жұмсартып отыр. Занда мысалы, үлескерлерге үйді сату үшін «Қазақстан тұрғын үй компаниясының» кепілін алу кезіндегі міндетті талаптар төмендетілді: құрылыс салушыда бұрынғыдай 3 емес, 2 жыл ғана жұмыс тәжірибесі болса, сондай-ақ ол 9 мың емес, 5 мың шаршы метр тұрғын үй салса, енді үлескерлер тартуына осының өзі жеткілікті болады.

Заңды әзірлеушілер атынан пікір айтқан Мәжіліс депутаты Самат Мұсабаев мұндағы мақсат «әкімшілік

рәсімдерді жеңілдетіп, тұрғын үй салу нарығына ортанқол компаниялардың кіруіне кедергілерді азайту» екенін мәлімдеді. Сарапшылар жаңа заңмен «Қазақстанның тұрғын үй компаниясы» АҚ-ы базасында «Үлескерлерді қолдау орталығы» деген квазимемлекеттік жаңа ұйымның құрылуын да көзбояу тірлікке балады. Себебі, бұл орталыққа алданған үлескерлерді жан сала қорғап, олардың атынан алаяқ құрылыс компаниясымен соттасу құзыры берілмеген. Немесе ол жосықсыз құрылыс салушылардың жалпыреспубликалық ортақ қара тізімін де жүргізе алмайды.

Сонда не істемек керек? Құрылыс ведомствосының мәліметінше, ол қазақстандықтарға жай ғана үлескерлік заңнама туралы кеңес-консультация берумен айналысады.

«Үлескерлерді қолдау онлайн орталығының негізгі міндеті – біріншіден, үлестік заңнама аясында тұрғын үй сатып алуға байланысты барлық мәселе бойынша азаматтарға кеңес беру. Екіншіден, заңсыз түрде азаматтардың қаражатын тартатын құрылыс компанияларынан тұрғын үйді сатып алудан халықты сақтандыру. Жасанды интеллектті қолданысқа енгізе отырып, үлескерлерді қолдау онлайн орталығын іске қостық. Біз үлескерлерді әртүрлі

онлайн сервистер арқылы қолдауды жоспарлап отырмыз», – деді «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» (ҚТҮК) АҚ басқармасының төрағасы Алтай Күздібаев.

Ал, жаңа заңнамалық түзетулерді құрылыс алпауыттарының ең құрыса, шыбын шаққан құрлы көретініне депутаттар да сенбейді. Өйткені олар үшін 2 мың АЕК немесе 7,8 миллион теңге айыппұлды төлей салу қиын емес. Мамандардың бағалауынша, бір ғана тұрғын үй кешенінен олар орта есеппен 3 миллиард теңгедей кіріс табады.

– Арам ниетті құрылыс компаниялары бұл айыппұлды бір пәтер тұрмақ, бірнеше шаршы метрді қосымша сату арқылы өтей салады. Сондықтан жұмыс тобында кейбір депутат үлестік қатысу туралы заңнама талаптарын қайта-қайта бұза берген компаниялардың жауапты басшыларына қатысты қылмыстық жазаны енгізуді ұсынды. Алайда Үкімет мұны қолдамады, теріс қорытынды берді. Мұнысын түсіне алмадым. Бұл заң үлескерлерді үстірт емес, пәрменді қорғауға тиіс емес пе? Соны нақты жүзеге асыратын ұсыныс енгізілсе, Үкімет қолдамайды, – деп күйінді мәжіліспен Бақытжан Базарбек.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ТҮЙТКІЛ

Балалар тағы да тәжірибе нысанына айналмақ

Қазақстан мектептерінде жаңа оқу жылынан бастап бірқатар пән біріктіріліп оқытылмақ. Бұл әзірге серпінді жоба. ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың айтуынша, ол 20 өңірдің белгілі бір мектептерінде жүзеге асырылады. Түпкілікті шешім жобаның нәтижесін талдағаннан кейін қабылданады. Тәжірибе тиімді болмаса, оқытудың қазіргі үлгісі қалады.

Осылайша енді алгебра мен геометрия «Математика» жалпы курсына, ал дүниежүзілік тарих пен құқық «Әлеуметтік ғылымдарға» қосылады. Оқу-ағарту министрлігі бұл реформаны енгізудің бірнеше себебін алға тартып отыр. Олар – пәндер арасындағы байланысты күшейту арқылы оқушылардың білімін жан-жақты дамыту, оқу бағдарламасын оңтайландыру арқылы сағат санын тиімді пайдалану және мұғалімдер үшін сабақ барысын жеңілдетіп, инновациялық тәсілдерді енгізу. Министр жобаны іске асыру мұғалімдердің қысқаруына әкелмейтінін атап өтті. Пәндер біріктіріліп оқытылатын мектептер тізімі жан-жақты келісуден кейін жарияланады.

Иә, осылайша Қазақстанның білім беру жүйесінде тағы бір реформа

қолға алынбақ. Жалпы бүгінде барлық елдердің білім беру саласында үлкен өзгеріс болып жатыр. Әлем елдері мектеп бағдарламаларын қайта қарап, оқушыға тек білім емес, өмірде қолдана алатын дағды беруді басты мақсат етуде. Осы тұрғыда жиі айтылатын тақырыптың бірі – пәндерді біріктіріп оқыту екен. Бірқатар дамыған елдерде бұл тәжірибе әлдеқашан енгізілген. Мәселен, АҚШ пен Канадада мектептің алғашқы кезеңінде «Integrated Mathematics» деп аталатын курс бар. Мұнда алгебра, геометрия, статистика бір пәннің ішінде тоғысады. Финляндияда «феноменге негізделген оқыту» әдісі қолданылады. Ал Жапония мен Сингапурда математика ешқашан бөлінбеген – алгебра да, геометрия да біртұтас курстың ішінде беріледі. Біріккен пән оқушыны әртүрлі әдісті салыстыра білуге, ойлау қабілетін шыңдауға үйретеді. Ең бастысы – «бұл өмірде не үшін қажет?» деген сұраққа нақты жауап береді. Демек, алгебра мен геометрияны біріктіріп оқыту – жай ғана әдістемелік жаңашылдық емес, математикаға деген көзқарасты өзгерту. Әлемдік тәжірибе оның тиімділігін көрсетіп отыр. Мұндағы басты мақсат – формула жаттау емес, баланы ойлауға үйрету.

Әлемдік үдерістен еліміздің де шет қалмай, білім беру ісінің тиімділі-



гіне ұмтылуы қуанышты әрі құптарлық. Алайда, бұл үлкен дайындықты талап етеді. Бағдарламаны қайта құру қажеттілігі, жаңа оқулықтар жазу, мұғалімдердің интеграцияланған оқыту әдістемесіне дайын болуы, әр оқушының қабылдау ерекшелігіне бейімделу қажеттілігі оңайлықпен жүзеге асатын шаруа емес. Осы тұрғыда өзге елдердің деңгейіне ілесе алмайтынымыз анық. Құзырлы орын тарапынан бұл жөнінде нақты жауап жоқ. Ондағылар тек жобаның эксперимент екенін айтып жатыр.

Қандай жағдайда да пәндерді біріктіріп оқытуға белгілі деңгейдегі дайындық қажет. Бұл сынақ балалардың білім деңгейіне ғана емес,

моральдық психологиялық дамуына зардабын тигізуі мүмкін. Бір пәнді дербес оқып игере алмай жатқанда, бірнеше пәнді қалай толыққанды оқып шықпақ. Мысалы, биыл 10 500-ге жуық оқушы физика-математика бағытын тандап, шекті 50 балды жинай алмады. Ал егер олар қарапайым, А деңгейіндегі сұрақтарға дұрыс жауап бергенде, 70 балл жинауға мүмкіндік алар еді. Бұл жағдай мектептерде физика пәнінен берілетін сағат санының қысқаруынан туындапты. Ал, біз пәндерді біріктіріп оқытамыз дейміз.

Әлемдік үрдістерге еру үшін деңгейіміз соған сай болуы керек. Қазіргі жағдайымызбен «қарға қазға еріп аяғын үсіттінің» кері болып жүрмесе неғылсын. Бұлай күдіктенуге себеп аз емес. Мысалы ана жылдары пәндерді ағылшын тілінде оқытуға көшіп, оның ақыры немен тынғанын жұртшылық ұмыта қойған жок. Аз ғана мерзімді курстан өткен мұғалімдер ағылшын тілінде дәріс береміз деп күлкіге де ұшырап, қүйзеліске де түскен еді. Оларға тіл үйрету үшін бюджеттен бөлінген қаржы да аз болмады. Әйтеуір министр ауысып барып, бұл трагикомедия тоқтады.

Енді мына жоба да сондай құр малшашпақ болмаса дейміз. Өйткені, сұрақ көп. Оның бастысы алдымен істің тетігін шешетін кадрмен байланысты.

QAZBILIM ұлттық лицейлер желісінің жетекшісі Аятжан Ахметжан бұл бастаманы мүлде құптамайды. «15 жылдық тәжірибесі бар химик ретінде мен бұл жаңалықты естігенде есімінен танып қала жаздадым. Электр тоғы немесе астрономияның химияға қандай қатысы барын түсінбедім. Биологиядағы қос мекенді, сүт қоректі жануардың дамуы, өсімдік құрылымы қашаннан химия болып кеткен? Пәнаралық байланыс деген ұғым бұрыннан бар, сол сақталу керек. Ал, бұлар жеке-жеке ғылым, жеке-жеке пән. Менің түсінбейтінім, онсыз да сапасын көтермейтін пәндерді біріктіріп, қоймалжың жасау кімге керек болды? Ертең ол біріккен пәнді кім береді? Химия ғылымдарының докторы, педагог-шебер болсам да, биология мен физикадан сабақ бере алмаймын. Білімім жетпейді. Себебі ол өзінше ғылым. Ал сонда әмбебап ұстаздарды бұлар қайдан таппақ? Түсінбедім» дейді. Оның айтуынша, мұндай бастама бұрын да болған және сәтсіз аяқталған. Мысалы, жаңартылған бағдарлама кезінде технология мен бейнелеу өнері біріктіріліп, «Көркем еңбек» пәні пайда болды. Бірақ қазіргі министрлік бұл шешімнің қате болғанын мойындап, екі пәнді қайтадан бөлуге шешім қабылдады.

Тоқетерін айтқанда, көңілде күдік көп. Әрине, жаңалыққа ұмтылу, даму – дұрыс үрдіс. Бірақ олар тақыр жерден емес, алдын ала дайындалған жүйеде қолға алынуы керек.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА
«Заң газеті»

КӨЗҚАРАС

Қарыз бен парыз

Осыдан 30 жыл бұрын бүкіл халықтық референдумда Қазақстан өзінің егемендігін әлемге танытып, Конституциясын қабылдады. Елдің бас құжаты Қазақстанның мықты демократиялық жолмен дамып келе жатқанын көрсетті.

Еліміз 30 жылдың ішінде бірқатар экономикалық саяси және идеологиялық кезеңдерден өтті. Бұл дамушы мемлекеттерге тән құбылыс. Нәтижесінде Қазақстан қазіргі заманға сай

бәсекеге қабілетті, ең көрнекті елдердің қатарына енді. Отыз жылда бейбіт жолды ұстанып, нығайта білген жаңа мемелекеттің туы – көк байрағымыз биікке желбіреді.

Конституциямыз адам құқықтары мен бостандықтарын ең жоғары құндылық ретінде танытып, әрбір азаматтың қауіпсіз өмір сүруіне, білім алуына, еңбек етуіне, өз ойын еркін білдіруіне заңды кепілдік берді. Ата Заң тек мемлекетті басқару құралы ғана емес, халықтың қадір-қасиетін қорғаушы қалқан болды.

Ата Заңда судьялар сот төрелігін атқару кезінде тәуелсіз, Конституция мен заңға ғана бағынады. Конституциямен белгіленген сот төрелігінің принциптері Республиканың барлық судьяларына ортақ.

Ата Заң – тәуелсіз елдің тынысы, мемлекеттің тірегі. Бұл мереке халқымызды әділдік пен заңға бағынуға үндейтін қасиетті күн. Халық болып қабылдаған Конституцияны құрметтеу әр азаматтың міндеті әрі парызы.

Р. ҚУАНЫШБЕК,
Қонаев қалалық соты
әкімшісінің басшысы,
Алматы облысы

АЛТЫН ҚАЗЫҚ

Ата Заң – халқымыздың ғасырлар бойы тәуелсіз ел болуын көксеген армандарын жүзеге асырған, мемлекеттігіміздің алтын қазығы, қазақстандықтардың тең құқықтары мен мүмкіндіктерінің кепілі. Еліміздің әрбір азаматы Конституцияның асқақ рухы мен маңызын, тарихын жақсы білуі тиіс. Ата Заңымызды құрметтеу, ондағы қағидаларды бұлжытпай сақтау арқылы және оның тарихы мен маңызын жетік білуіміздің арқасында біз өз елімізді, тарихымызды, құндылықтарымызды құрметтейміз және еліміздің дамуына, қоғамдық келісімге, бейбітшілік пен тыныштыққа қол жеткізе аламыз.

Мемлекеттің басты байлығы – адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Қазақстан Республикасының Конституциясы егемен мемлекеттің конституциялық дамуының жаңа кезеңіне жол ашқан заңнамалық акт болды. Ата Заңның қабылдануы Конституциялық құрылыстардың саяси- құқықтық негізін қалады, мемлекеттік және қоғамдық, саяси жүйенің негізгі қағидаттарын орнықтырды.Адам мен азаматтың Конституциялық мәртебесін белгіледі.

Конституция – біздің саяси, мәдени, рухани және әлеуметтік экономикалық дамуымыздың қайнар көзі.

Руслан ҚАЖЕНОВ,
Казталов аудандық соты
әкімшісінің басшысы,
Батыс Қазақстан облысы

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

8. «Кофейный Двор» ЖШС (БСН 080940006095) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сарайшық көшесі, 9-үй, т.е.б. 13а.

9. «U.M.C Kazakhstan Павлодар» ЖШС-нің филиалы (БСН 231141013624) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Қабдеш Нұркин көшесі, 72/1 құрылыс.

10. Шардара аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Шардара аудандық күш спорт түрлерінен спорт клубы» КММ (БСН 190640008826) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Шардара ауданы, Шардара қаласы, Амангелді Иманов көшесі, 31В ғимарат.

11. «МБИ-Казakhstan» ЖШС (БСН 130140002302) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 76-үй, н.п. 1а, 13 бөлме.

13. «MILLENNIUM ALMATY» ЖШС (БСН 220340009603) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыз осы хабарлама жарияланған күннен бастап екі ай ішінде төмендегі мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 91/2-үй. Тел. +7 707 464 14 22.

16. «Кенжебаева Феруза» ЖШС (БСН 150840012765) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы, Бостандық көшесі, №24 құрылыс. Тел. +7 (775) 194-44-46.

19. «InnoWave Soft KZ» ЖШС (БСН 190840022711) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қажымұқан көшесі, 22/6 үй, индекс 050059, тел.: +77782457000.

20. «Қазақстан Құрылыс және әрлеу материалдары сатушыларының Қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі, (БСН 240240011675) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 63/17 үй, н. т. 72. Тел.: 8 777 746 46 68.

21. «NSK Group» ЖШС (БСН 231040001730) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Казыбек би көшесі, 50, 2-қабат, 44-45 кеңсе , тел. +77011625212.

22. «SUNKAR TOUR TRAVEL» ЖШС-і, (БСН 241240018427) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Шымкент қаласы, Тұран ауданы, Сейдолла Байтереков көшесі, 79А құрылыс, пошта индексі 160000.

ӘРТҮРЛІ

3. «VICTORIA CITY» ЖШС (БСН 160340012441) (бұдан әрі – Серіктестік) Серіктестіктің жарғылық капиталының 36 000 000 (отыз алты миллион) теңгеге азайғаны туралы хабарлайды. Серіктестіктің жарғылық капиталының азайғандағы мөлшері 114 000 000 (жүз он төрт миллион) теңгені құрайды. Барлық сұрақтар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде және тәртіпте Серіктестіктің мекенжайына: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Іргелі ауылдық округі, Кемертоған ауылы, ПҚСТ Орбита, № 1/44 үй, жұмыс күндері сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін хабарласуға болады.

4. «ТАУ әуе компаниясы» акционерлік қоғамы, БСН 060740009386, «ТАУ» ЖШС болып қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қонаев көшесі, 162-үй, 14-кеңсе. Тел. +7 708 273 3280.

14. Хабарландыру
Қостанай облысының әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімінің Тәуіш бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН:021140001047).
Мекен жайы: Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы Жангелдин ауданы, Жаркөл ауылдық округі, Тәуіш ауылы, Тәуіш көшесі, 2-үй.
Қостанай облысы әкімдігінің 15 шілде 2025 жылғы №198 қаулысы негізінде Қостанай облысының әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімінің Тәуіш бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай ауылы, Қайнекей көшесі, 22-ғимарат, пошталық индексі 110600.
Анықтама телефоны: 871439-21162, 21050, 21456.

18. «Жаппас» шаруа қожалығы мүшелерінің кезектен тыс жалпы жиналысы өтетінін хабарлайды. Күн тәртібінде: шаруа қожалығындағы жер үлескерлерінің арыздарына сәйкес үлесті жер телімін нақтылап бөліп беру туралы. Өтетін орны: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Қоғалыкөл ауылдық округі, О. Садықұлы көшесі, №11 үй. Уақыты: 01.10.2025 жыл. Сағат 10-00. Ұйымдастырушылар: қожалық мүшелері.

7. Алматы қаласы Наурызбай ауданы сотының 2025 жылғы 22 тамыздағы қаулысына сәйкес Алматы қаласы, Таусамалы шағын ауданы, Рысқұлов көшесі, 132-үй мекенжайында тұратын Махмұтов Ержан Алмасовичтің өтініші бойынша, №7585-25-00-2/2801 іс қозғалды. Өтініштің мазмұны — Куришбеков Айдар Калиакбаровичті, 05.12.1956 жылы туған, соңғы мекенжайы Алматы қаласы, Қарағайлы шағын ауданы, Мусин көшесі, 20-үй, хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы (1993 жылы үйінен шығып кеткен, жұмыс істемеген). Куришбеков Айдар Калиакбаровичтің қайда жүргенін білетін адамдардың хабарлама жарияланған күннен бастап үш ай ішінде төмендегі мекенжай бойынша сотқа хабарласуы сұралады: Алматы қаласы, Шұғыла шағын ауданы, 347/1. Судья: Тажмұхан Б.Ж. Тел.: 8 771 444 1029

БАНКРОТТЫҚ

15. Астана қаласы МАЭС-тың 20.08.2025 жылғы қаулысымен жеке кәсіпкер Жұматаева Сандугаш Серикбаевнаға қатысты банкроттық рәсімі енгізілді. Кредиторлардың талаптары мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Жиренкөл көшесі, 56а, тел. +7 778 620 1044.

МҰРАГЕРЛІК

2. 30 маусым 2025 жылы қайтыс болған Мұхамеджанов Мүтәліп Әлімжанұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №95 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

5. 2024 жылдың 16 қазанында Шаим Нуриддин Баширдың қайтыс болуына байланысты артынан мұрагерлік ісі ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер төмендегі мекенжай бойынша: Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, №415 ғимарат, № 210-211 кабинет, нотариус Е.Б.Бекқожаевқа хабарлассын. Тел. 8 707 162 4991, 8 778 162 4993.

6. 5 мамыр 2025 жылы қайтыс болған Еспенбетов Куаныштың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №95 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

12. 2025 жылдың 04 сәуір айында қайтыс болған Ихласов Серик Бахитовичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус А.К.Молдалиеваға келулеріңіз керек. Мекен жайы: Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылы, Т.Сүлейменова көшесі, 19А. Тел. 8 777 115 25 55, 161216.

17. 29 қаңтар 2025 жылы қайтыс болған Сейтимбетов Коныс Бисеновичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус С.К.Сейтбаеваға келесі мекенжайға келулері керек: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Сатпаев көшесі, 1-Б. Тел. 8 701 726 45 94.

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page.kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency.kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепши, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What’s app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Өуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выйдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 8772256506.

БАҒДАР

Биыл ҚР Конституциясы қолданысқа енгізілгеніне 30 жыл толып отыр. 1995 жылдың 30 тамызында бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған бұл тарихи құжат тәуелсіз еліміздің демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде қалыптасуына берік негіз қалап берді. Отыз жыл ішінде Ата Заң еліміздің саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани салаларындағы даму мен жаңғырудың өзегіне айналды.

Конституция – бұл жай ғана заңдар жинағы емес, ол – ел өмірінің өзегін құрайтын, қоғамның әрбір саласындағы қарым-қатынасты тәртіпке келтіретін, мемлекет пен азаматтың арақатынасын айқындайтын ең биік құқықтық мұрат. Ол халқымыздың бірлігі мен тұтастығының кепілі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың берік негізі. Ол еліміздің тағдырын айқындап, бейбітшілік пен тұрақтылықты баяндай етті. Дәл осы заң аясында Қазақстан өз егемендігін



А.ИСАБЕКОВ
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мемлекет және құқық теориясы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының доценті, з.ғ.к., Ұлттық Заң академиясының академигі

нығайтып, халықаралық аренада белді мемлекетке айналды.

Ата Заң барша этностар мен дін өкілдеріне тең құқықтар беріп, бір-біріне

құрметпен қарайтын толерантты әрі жарасымды қоғам құруға жол ашты. Бүгінгі қазақстандықтардың татулық пен түсіністікке негізделген өмір салты – осы конституциялық құндылықтардың жарқын көрінісі. Сонымен бірге, Конституция қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін нақтылап, ұлттық бірегейлікті сақтап, ұлт руханияты мен мәдениетінің дамуына берік тұғыр қалады.

Мемлекеттік биліктің үш тармағы – заң шығару, атқару және сот жүйесі – барша қызметін Конституция негізінде жүзеге асырады. Бұл қағидат еліміздегі билік құрылымдарының өзара теңгерімін сақтап, демократиялық институттардың дамуына кең өріс ашты. Соңғы жылдары жүргізілген саяси реформалар мен конституциялық өзгерістер билік тармақтары арасындағы жауапкершілік пен өкілеттілікті айқын бөліп, азаматтардың мемлекеттік шешім қабылдау үдерісіне белсенді араласуына жол ашты. Сайлау жүйесінің жаңғыруы, партиялық тіркеу талаптарының жеңілдетілуі, жергілікті өзін-өзі басқару тетіктерінің күшеюі – осының айқын дәлелі. Қоғамдық кеңестер мен азаматтық бастамалар институты жаңа серпін алып, халық пен билік арасындағы ашық диалогтың нығаюына мүмкіндік берді.Конституция – тек заңдық база ғана емес, ол ел дамуының стратегиялық бағытын айқындайтын рухани бағдарға айналды. Оның нормалары экономикалық реформалардың

бастауына серпін беріп, еркін кәсіпкерлік пен әділ бәсекенің дамуына жол ашты. Бүгінде шетелдік инвесторлар үшін Қазақстанның тұрақты құқықтық ортасы мен заң үстемдігі – сенімді кепіл болып отыр.

Сонымен қатар Ата Заң еліміздің әлеуметтік дамуының өзегін айқындайтын басты құжат. Онда бекітілген нормалар білім беру, ғылым, денсаулық сақтау және мәдениет салаларында сапалы қызметке тең және әділ қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған. Әрбір азаматтың, әсіресе жас ұрпақтың, білім алып, жан-жақты дамуына, қабілеттерін ашып, қоғамға пайдалы тұлға ретінде қалыптасуына «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясындағы онлайн оқыту жүйелерінің кеңеюі, ауылдық елді мекендерге интернет пен ІТ сыныптарының жетуі – осы конституциялық нормалардың іс жүзіндегі көрінісі.

Бүгінде Қазақстан жаңа тарихи дәуірдің белесінде тұр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған саяси жаңғырулар – Конституцияны заманауи қоғам талаптарына бейімдеу жолындағы маңызды қадамдар. «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласы саяси жүйе

енің ашықтығын, тиімділігін және халық алдындағы жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Конституциялық реформа аясында жергілікті өзін-өзі басқару институттары дамып, әкімдер сайлауы енгізілді, азаматтардың саяси белсенділігі артып, қоғамдық бақылау мен жауапкершілік механизмі күшейе түсті. Осылайша Ата Заң қоғамның серпінді дамуына бейімделіп отыратын, ел тағдырымен үндес тірі механизм екенін айқын дәлелдеп келеді. Ол уақыт талабына сай түрленіп, демократиялық құндылықтарды тереңдете отырып, мемлекеттің мызғымас тірегіне айналды. Бүгінгі Қазақстан – өз азаматтарының құқығы қорғалған, пікірі ескерілген, болашағы айқын құқықтық мемлекет. Мұның бәрі – Ата Заңымыздың өміршеңдігін және оның шынайы ұлттық игілікке айналғанын көрсетеді.

Сөйтіп, өткен отыз жыл ішінде ҚР Конституциясы қоғамның барлық саласында тұрақтылық пен өркендеудің берік тұғырына айналды. Ол – халықтың бірлігін, мемлекетіміздің тұтастығын, азаматтардың құқығы мен бостандығын қамтамасыз ететін ең басты құндылық. Ата Заңды құрметтеу – әрбір қазақстандықтың борышы ғана емес, болашаққа деген сенім мен жауапкершіліктің көрінісі. Оны ардақтап, қадірлеу – мемлекетіміздің кемел келешегі мен өскелең ұрпақтың жарқын өміріне жол ашатын қасиетті борыш.

ДЕНСАУЛЫҚ

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУДА НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

2025 жылғы шілдеде Қазақстанның медициналық сақтандыру саласындағы заңнамасына маңызды өзгерістер енгізілді. 2025 жылғы 14 шілдеде «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру және медициналық көмек көрсету мәселелері бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды. Аталған заңға сәйкес, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне елеулі құқықтық және ұйымдастырушылық өзгерістер енгізіледі. Ол жарналар есептеу тәртібін, сақтандырылған азаматтар санаттарын, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) мен МӘМС жүйесі арасындағы қызметтерді бөлу тәртібін, сондай-ақ мемлекет пен әкімдіктердің өкілеттіктерін қамтиды.

1. Жарналар мен аударымдарды есептеу шектері ұлғайтылады

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап, жұмыс берушілердің аударымдары (МӘМСА) үшін жалақыдан есептелетін жоғарғы шек 10 АЕК-тен 40 АЕК-ке дейін ұлғайтылады. Ал жұмысшылардың жарналары (МӘМСА) үшін – 20 АЕК-ке дейін. Осылайша, табыс 3 400 000 теңгеге дейін болған жағдайда, жұмыс беруші ай сайын шамамен 102 000 теңге, ал жұмысшы – 34 мың теңгеге дейін жарна төлейді. Бұл дегеніміз – жұмыс берушілер жалақының 3%-ын, ал жұмысшылар 2%-ын аударады, бірақ тиісінше 40 және 20 АЕК-тен аспауы тиіс.

2. «Медициналық көмектің бірыңғай пакеті» енгізіледі

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап онкологиялық скринингтер тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлеміне (ТМККК) енгізіледі. Бұл – онкоскринингтер Қазақстанның барлық азаматтары үшін, тіпті МӘМС жүйесіне қатыспайтындар үшін де тегін болады деген сөз.

Сонымен қатар, әлеуметтік маңызы бар ауруларға күдік туындаған кезде кеңес-диагностикалық көмекті алу мүмкіндігі кеңейтіледі. Бұрын бұл тек АИТВ мен туберкулезге күдік болған жағдайда ғана тегін көрсетілсе, енді тізімге тағы 6 ауру қосылды: созылмалы вирусты гепатиттер мен бауыр цирроздары, онкологиялық аурулар, психикалық және мінез-құлықтық бұзылыстар, сирек (орфандық) аурулар, миокард инфаркті, инсульт. Бұдан бөлек, МӘМС аясында амбулаторлық диализ, 12 созылмалы ауру түрі бойынша диагностика, дәрі-дәрмек, жоспарлы стационарлық және күндізгі стационар көмегі тегін болмақ. Оларға бауыр аурулары, қан аурулары, асқорыту жолдарының патологиялары, артриттер, омыртқа, қалқанша без аурулары, қуықасты безінің аденомасы,

мастопатия, әйелдердің репродуктивті жүйе аурулары, туа біткен жүрек ақаулары және т.б. кіреді.

3. Халық кең қамтылады

2026 жылдан бастап №9405-V заңының 26-бабына өзгерістер енгізілді, ол міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жарналарын төлеуге қатысты. Жаңа өкілеттіктер: жергілікті атқарушы органдарға (әкімдіктерге) келесі санаттар үшін жарналарды төлеу құқығы беріледі: ресми



тіркелген жұмыссыздар; еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің әдістемесі бойынша әлеуметтік әл-ауқат деңгейі D және E болып белгіленген азаматтар. Өзгерістердің әсерінен бұған дейін сақтандырылмаған қосымша 1 миллионға дейін азаматты қамту мүмкін болады; әлеуметтік әділеттілік деңгейі артады; МӘМС жүйесінен тыс қалған аса топтардың саны азаяды.

4. Жеңілдік кезеңін ұзарту

Табысын уақытша жоғалтқан сақтандырылған азаматтар үшін жаңа жеңілдік механизмі енгізілді. Егер азамат соңғы 5 жыл ішінде тұрақты түрде жарна төлеген болса, төлемдер тоқтатылғаннан кейін сақтандырылған мәртебесі 6 айға дейін сақталады (бұрын бұл мерзім 3 ай болатын).Бұл норма жеке кәсіпкерлер, маусымдық жұмысшылар, фрилансерлер және тұрақсыз табыс табатын

басқа да тұлғалар үшін өзекті. 6 ай өткен соң, сақтандыру мәртебесін сақтау үшін берешекті өтеу қажет болады.

5. Мемлекет үшін жарна мөлшерлемелерін арттыру

Мемлекет әлеуметтік жағынан осал санаттар үшін (балалар, зейнеткерлер, мүгедектер, студенттер және т.б.) жарна мөлшерлемелерін кезең-кезеңімен арттырады: 2025 жылы – 2 %; 2027 жылдан бастап – 2,2 %; 2037 жылға дейін – 4,7 %-ға дейін кезеңмен өсу. Бұл өзгерістер №9405-V заңының 26-бабының 7-тармақшасында көзделген және МӘМС Қорының қаржылық тұрақтылығын ұзақ мерзімде қамтамасыз етуге бағытталған.

Жоғары табысы бар қызметкерлер үшін жарналар шекті табысқа байланысты есептеледі. Лимиттердің өсуі мемлекетке көбірек қаражат жинауға мүмкіндік береді, әділеттілік сақталады – табысы жоғары азаматтар көбірек төлейді, бірақ шексіз емес.

Осал топтар үшін әкімдіктердің жауапкершілігінің артуы бұрын қамтылмаған азаматтардың сақтандыру жүйесіне қосылуына жол ашады.

Жұмысынан айырылғандар үшін жарна төлеуге берілетін алты айлық жеңілдік мерзімі уақытша қиындықтарға қарамастан медициналық көмекке қол жеткізуді жеңілдетеді.

Созылмалы және әлеуметтік мәні бар аурулары бар барлық азаматтар үшін: диагностика мен емделуге қолжетімділік тегін және ертерек кезеңде көрсетілетін болады.

Қабылданған түзетулер мемлекет тарапынан медициналық сақтандыру жүйесін құқықтық нығайтуға деген ұмтылысты көрсетеді, оның ішінде келесі бағыттар бойынша қаржыландыру тетіктерін құқықтық тұрғыда оңтайландыру; халықты қамтуды кеңейту; әлеуметтік икемділікті енгізу (жарналар бойынша алты айлық мерзім беру); медициналық қызметтерге дифференциалды тәсіл – базалық және сақтандыру шеңберінде көрсетілетін қызметтер.

2025 жылғы 14 шілдедегі № 206-VIII заңы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің тұрақтылыққа, әлеуметтік теңдікке және осал топтарды қорғауға бағытталған жаңа құқықтық моделін қалыптастырады.

Денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау саласындағы заңгерлерге бұл өзгерістерді мұқият зерттеп, аймақтарда енгізу барысын бақылау ұсынылады.

Шаттық ТӨЛЕУҒАЛИ,
№27 қалалық емхананың
ұйымдастыру әдістемелік жұмыс
жөніндегі денсаулық сақтау маманы

СПОРТ

Алматылық «Қайрат» футбол клубы Қазақстан спорты тарихындағы жаңа белесті бағындырды. Команда алғаш рет Чемпиондар лигасының топтық кезеңіне жолдама алып, ел футболының мәртебесін асқақтатты. Шешуші сын – «Селтикке» қарсы ойын жанкүйерлердің жүрегін дір еткізгені анық.

«Қайраттың» жаңа белесі

Екі кездесуде де есеп ашылмады, ойын тағдыры пенальти сериясында шешілді. Сол сәтте «Қайрат» футболшылары асқан сабырлық пен шеберліктің үлгісін көрсетті. Қақпашы айып добын қайтарып, шабуылшылар өз мүмкіндіктерін мүлт жібермей, серияны 3:2 есебімен аяқтады. Осылайша, қазақ футболы тарихында тұңғыш рет «Қайрат» Чемпиондар лигасының топтық кезеңінде өнер көрсететін болды.

Бұл жетістік тек спорттық емес, қаржылық тұрғыдан да ауқымды табыс әкелді. UEFA регламентіне сәйкес, топтық кезеңге өткен әрбір клубқа 18,62 млн еуро көлемінде сыйақы қарастырылған. Бұл – шамамен 11,7 млрд теңге. Бұған дейінгі іріктеу және плей-офф кезеңдерінде клуб 4,29 млн еуро тапқан еді. Алдағы ойындарда әрбір жеңіс үшін 2,1 млн еуро, тең нәтиже үшін 700 мың еуро сыйақы беріледі. Мұндай көлемдегі табыс «Қайраттың» тарихында бұрын-соңды болмаған.

Сарапшылардың айтуынша, қаржылық табыс клубқа инфрақұрылымды дамытуға, жастар академиясын жетілдіруге, сонымен қатар халықаралық деңгейдегі тәжірибелі ойыншыларды тартуға мүмкіндік береді. Бұл жеңіс қазақстандық футболдың жаңа дәуірін ашатын оқиға ретінде бағалануда. Жанкүйерлер алаңда төккен тердің өтеуін алды. Алматы көшелерінде «Қайраттың» жеңісін атап өтіп, клубтың туын көтергендер аз болмады. Бұл тек спорттық жетістік ғана емес, тұтас бір ұлттың қуанышы екені анық.

Чемпиондар лигасының топтық кезеңіндегі ойындар алдағы айларда басталады. Енді бүкіл Қазақстан жанкүйерлері «Қайраттың» Еуропаның алпауыт клубтарымен бақ сынағанын тамашалайды.

Алматы әкімі Дархан Сатыбалды клубтың бұл жеңісін ерекше атап өтті.

«Футбол клубы «Қайратты» тарихи жетістігімен – жеңісімен және УЕФА Чемпиондар лигасының беделді еуропалық турнирінің негізгі кезеңіне шығуымен шын жүректен құттықтаймын. Алматылық команда шеберлігін де, рухының күшін де көрсете білді. Бұл – барлық алматылықтарға үлкен қуаныш, ел үшін зор мақтаныш. Клубтың алдағы уақытта да жеңіске жетіп, Еуропа аренасында табысты өнер көрсетуін тілеймін!» – деп жазды Дархан Сатыбалды Instagram парақшасында.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадиар Мекенбайұлы 8757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5922 дана
Апталық таралым 11844 дана

Тапсырыс №130 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігін байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31